

«Әскери-қолданбалы спорт түрлері  
бойынша Халықаралық Одақ»  
заңды тұлғалар бірлестігі  
қоғамдық ұйымының  
(әрі қарай - **Әскери-қолданбалы спорт түрлері  
бойынша Халықаралық Одақ**)  
«27» шілде 2022 ж. өткен  
төтенше Конгресі  
**БЕКІТКЕН**

**ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОДАҒЫНЫҢ  
ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

**1-тарау. Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жалпы ережелер**

1. Осы Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Халықаралық Одағының әскери-қолданбалы спорт түрлері жөніндегі қағидалары (әрі қарай – Қағидалар) Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Халықаралық Одағының (әрі қарай – Одақ) әскери-қолданбалы спорт түрлерін ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Әскери-спорттық жарыстар әскери-кәсіптік тәсілдер мен іс-қимылдарды, дене дайындығы жөніндегі бағдарламадан жаттығуларды, әскери-спорт кешенін және әскери-қолданбалы спорт түрлерін пайдалана отырып өткізіледі. "Әскери-қолданбалы спорт" спорт түрі бойынша спорттық жарыстар спорт түрінің қағидаларына, сондай – ақ жарыстар туралы ережелерге (әрі қарай - Ереже) сәйкес өткізіледі.

2. Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне мыналар жатады:

- 1) әскери-спорттық көпсайыс;
- 2) жеңіл атлетика және жылдам қозғалу;
- 3) шаңғы спорты;
- 4) граната лақтыру;
- 5) арқан тарту;
- 6) қолданбалы жүзу;
- 7) кедергілер жолағынан өту;
- 8) табельдік қарудан оқ ату;
- 9) арнайы снарядтардағы жаттығулар;
- 10) армиялық жекпе-жек ұрыс;
- 11) парашюттік қоссайыс;
- 12) жеңіл автомобильде жылдам маневр жасау;
- 13) жүк автомобилінде жылдам маневр жасау.

2.1. Әскер қатарына шақыруға дейінгі жастағы азаматтар үшін:

- 1) әскерилендірілген кросс;
- 2) ОКУ кедергілерінің жолағы;
- 3) ГД гранатасын лақтыру (қашықтыққа);
- 4) ГТ гранатасын лақтыру (дәлдікке);
- 5) ұзындыққа сүңгу;
- 6) әскери дала киім үлгісінде арқан тарту;
- 7) автоматпен жүзу;
- 8) әскери көпсайыс (ВТ-3);

- 9) әскери көпсайыс (ВТ-4);
- 10) офицерлік жазғы төртсайыс;
- 11) офицерлік қысқы төртсайыс.

3. Сынақ сипаты бойынша әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар:

1) жеке – олардың қорытындылары бойынша жекелеген спортшылар (жынысы, жас шамасына қарай санаты, спорттық біліктілігінің салмақ дәрежесі бойынша) алатын орындар айқындалатын жарыстарға;

2) командалық – олардың қорытындылары бойынша жекелеген қатысушылардың нәтижелері кейіннен әрбір командаға орынды айқындаумен жалпы нәтижеге сомаланатын жарыстарға;

3) жеке-командалық – олардың қорытындылары бойынша нәтижелерінің негізінде жекелеген қатысушыларға, сол сияқты командаларға орындар берілетін жарыстарға бөлінеді.

Жарыс сипаты әрбір жекелеген жағдайда Жарыс туралы ережемен айқындалады.

4. Жарыс туралы ережені жарысты өткізетін мекеме бекітеді, ол мынадай талаптардан тұрады:

- 1) әскери-қолданбалы спорт түрі бойынша жарыстың атауы;
- 2) мақсаттары мен міндеттері;
- 3) жарысты өткізетін орны мен уақыты;
- 4) жарысты өткізу жүйесі;
- 5) қатысатын ұйымдар;
- 6) спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілер мен басқа да қатысушылардың сандық құрамы;
- 7) спортшылардың жынысы мен туған жылы;
- 8) нәтижелерді бағалау жүйесі;
- 9) медициналық-санитариялық қамтамасыз ету;
- 10) жарысқа қатысуға өтінімдер беру тәртібі мен мерзімі;
- 11) қатысушылар мен төрешілерді іссапарға жіберу шарттары;
- 12) жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін наградтау тәртібі;
- 13) наразылықтар беру тәртібі және оларды қарау;
- 14) жарысқа қатысушылар мен төрешілердің келетін және кететін күні.

4.1 Жарыс туралы Ереже жарыстар(Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша) қағидаларына қайшы келмеуі керек.

4.2 Ереже жарыс қағидаларын қайталамауы керек.

4.3 Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Халықаралық Одақтың әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша чемпионаттары, кубоктары және біріншіліктері туралы Ереже әскери-қолданбалы спорт түрлерінің әлеуетті қатысушыларына жарыстар басталғанға дейін кемінде 3 ай бұрын, басқа жарыстар үшін – 2 айдан кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.4 Ережеге өзгерісті оны бекіткен ұйым ғана енгізе алады. Барлық өзгерістер туралы қатысушылар жарыс басталғанға дейін 30 күннен кешіктірілмей хабардар етілуі тиіс.

### **1-1 - тарау Ұйымдастыру комитеті**

1-1.1. Жарыстарды дайындау және өткізу үшін мекеменің тиісті басшысының(бастығының) бұйрығымен(шешімімен) құрамы жарыстардың мәртебесіне және қатысушылардың санына байланысты айқындалатын ұйымдастыру комитеті құрылады.

1-1.2. Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді шешеді:

жарыс орындарын дайындау және жабдықтау, төрешілік мүкәммалмен қамтамасыз ету;

жарысқа қатысушыларды хабарландыру;

жарысқа қатысушыларды жарыс туралы Ережеге сәйкес теңдес төрешілікпен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;  
медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;  
жарыс кезінде қатысушылардың, төрешілердің және көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
судьялар алқасының құрамына жергілікті кандидат судьялардың тізімін жасау;  
күн бойынша жарыс бағдарламасын жасау;  
жарыстар туралы насихат және ақпарат ұйымдастыру;  
қатысушылар мен судьяларды қарсы алуды, орналастыруды және жөнелтуді қамтамасыз ету;  
жарыс өткізу кезеңінде қатысушылар мен төрешілерді көлікпен қамтамасыз ету;  
қатысушылар мен судьяларды тамақтандыруды ұйымдастыру;  
жарыстарға жіберу жөніндегі комиссияның (мандаттық комиссияның) төрағасын тағайындау және оның жұмысын ұйымдастыру;  
жарыстардың ашылуы мен жабылуының салтанатты іс-шараларын өткізу;  
қатысушылар үшін мәдени бағдарлама дайындау және өткізу;  
Хатшылықтың жұмысын қамтамасыз ету (компьютерлік техника мен кеңсе керек-жарақтарын бөлу).

1-1.3. Ұйымдастыру комитеті жарыстардың Бас төрешісіне спорт объектілері мен техникалық қызметтердің спорттық жарысты өткізуге дайындығы туралы барлық мәліметтерді беруге тиіс.

## **2-тарау. Қатысушыларды әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстарға жіберу**

### **5. Жарыстарға қатысуға рұқсат етіледі:**

-осы қағидаларды мойындайтын, жүзе алатын, дәрігердің рұқсатын алған(медициналық тексеруден өткен) және жас және біліктілік талаптарына сәйкес келетін спортшылар(тиісті даярлықтан өткен азаматтар, әскери қызметшілер және әскерге шақыру жасына дейінгі азаматтар).

1) жарыстар келесі жас топтарында өткізіледі:

ерлер-18 жас және одан жоғары;

әскерге шақыру жасына дейінгі азаматтар: үлкен ұлдар (17 жас), ұлдар (15-16 жас).

2) спортшының жасы жарысқа қатысқан күнтізбелік жылда жарысқа қатысуға қажетті жасқа толуы тиіс;

3) бір спорттық жарыстарда спортшы қатысушылардың бір жас тобында ғана өнер көрсете алады;

6. Спортшыларды жарыстарға қатысуға жіберуді мандаттық комиссия(жарыстарға жіберу және оның жұмысын ұйымдастыру жөніндегі комиссия) ұсынылған құжаттардың қағидалар мен Ереженің талаптарына сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырады. Рұқсат беру жөніндегі комиссияға ұсынылатын құжаттардың тізбесі жарыстар туралы Ережемен айқындалады. Міндетті құжаттар:

1) дәрігердің жеке рұқсаты бар әр спортшыға, олардың командадағы міндеттерін көрсете отырып (команда өкілі, команда капитаны, команда бастаушысы және т. б.), команда басшысы (бастығы) бекіткен өтінім (осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда);

2) әрбір спортшыға жеке басын куәландыратын құжат, немесе оны алмастыратын құжат;

3) егер спортшы әскери қызметші болып табылған жағдайда әскери билет, немесе офицердің жеке куәлігі;

4) бар болған жағдайда, әскери-қолданбалы спорт түрлерінің жекелеген түрлерінде іріктеу жарыстарының өткізілгендігі туралы есеп;

5) жарысқа қатысушының карточкасы(осы Қағидаларға 2-қосымша).

Мандаттық комиссияны жарысты өткізетін мекеме(ұйым) бекітеді. Мандаттық комиссияға комиссия төрағасы, бас төреші, бас судьяның орынбасары, жарыстардың бас хатшысы, дәрігер кіреді. Спортшыларды жарысқа қатысушылардың тізіміне енгізу үшін рұқсат беру жөніндегі комиссияның хаттамасы (№5 қосымша) негіз болып табылады.

### **3-тарау. Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жеке және командалық есепке алуды айқындау**

7. Жарыстарда жеке нәтижелер мен қатысушылар алған орындар Жарыс туралы ережеге сәйкес жекелеген әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша айқындалады.

8. Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстардағы командалық есепке алу Жарыс туралы ережеге сәйкес:

1) сыналатын қатысушылардың үздік нәтижелерінің сомасы бойынша;

2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес әскери-спорттық көпсайыстарда (спорт түрлері бойынша) нәтижелерді бағалау және ұпайларды есептеу кестесі бойынша сыналатын қатысушылар жинаған ұпайлардың анағұрлым үлкен саны бойынша;

3) сыналатын қатысушылар алған орындардың ең аз сомасы бойынша;

4) барлық қатысушылардың үздік орташа нәтижелері бойынша айқындалады.

Екі немесе бірнеше команданың нәтижелері тең болған жағдайда орынды айқындау тәртібі спорт түрі бойынша Жарыс туралы ережеде баяндалады.

9. Спартакиадаларды өткізген кезде жалпы командалық біріншілік бағдарламаның жекелеген түрлерінде командалар алған орындардың ең аз сомасы бойынша айқындалады.

Орындардың сомасы тең болған жағдайда басымдылық 1-іншіден, содан кейін 2-ншіден және 3-іншіден артық орын алған командаға беріледі.

### **4-тарау. Наразылықтар беру**

10. Төрешілер алқасына наразылықты жазбаша нысанда қатысушылар немесе төрешілер бұзған Қағидалардың бөлімдерін, тармақтарын көрсете отырып, спорт командасының басшысы (ол болмаған жағдайда – команда капитаны) береді және осы жарыс аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірілмей ұсынылады.

11. Төрешілер алқасы наразылықты қарайды, шешім қабылдайды және ол берілген сәттен бастап және жарыс нәтижелері бекітілгенге дейін 24 сағаттан кешіктірмей өтініш иесін хабардар етеді. Төрешінің наразылықтар бойынша шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

### **2-бөлім. Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Халықаралық Одағының әскери-қолданбалы спорт түрлері**

#### **5-тарау. Әскери-спорттық көпсайыс**

##### **1-параграф. Әскери үшсайыс – 1**

12. Әскери үшсайыс – 1 (бұдан әрі – ӘҮ-1) бойынша жарыстардың бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) Калашников автоматынан оқ ату, 1-жаттығу (бұдан әрі – АК-1) 100 метрге;

2) Ф-1 (600 грамм) гранатасын қашықтыққа лақтыру (3 лақтыру);

3) кедергілер жолағынан өту, 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып жалпы бақылау жаттығуы (бұдан әрі – ЖБЖ).

13. АК-1-ден оқ ату бойынша жарыстар осы Қағидалардың 12-тарауының 2-параграфына және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес оқ ату бойынша жарыстардағы жаттығулардың шарттарына сәйкес жүргізіледі.

14. Ф-1 гранатасын (600 грамм) қашықтыққа лақтыру осы Қағидалардың 8-тарауының 1-параграфына сәйкес жүргізіледі.

15. 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ бойынша кедергілер жолағынан өту осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес өткізіледі.

16. Қатысушының керек-жарағы мыналарды құрайды: киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық; оқжатары бар автомат және 2 оқжатары бар оқшантай. Автоматты қолда бар материалдармен орауға жол берілмейді.

17. Өңірлік масштабтағы және одан жоғары ауқымдағы жарыстар күнтізбелік 3 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – АК-1-ден оқ ату;

2-ші күн – Ф-1 (600 грамм) гранатасын қашықтыққа лақтыру;

3-ші күн – 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту.

жекелеген спорт бірлестіктері мен клубтарының деңгейіндегі жарыстар күнтізбелік 2 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – АК-1 Калашников автоматынан оқ ату, Ф-1 гранатасын қашықтыққа лақтыру;

2-ші күн – 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту.

## **2-параграф. Әскери үшсайыс – 2**

18. Әскери үшсайыс – 2 (бұдан әрі – ӘҮ-2) бойынша жарыс бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) Калашников автоматынан оқ ату, 2-жаттығу (бұдан әрі – АК-2) 200 метрге;

2) Ф-1 гранатасын (600 грамм) тигізу дәлдігіне лақтыру (16 лақтыру);

3) 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту.

19. АК-2-ден оқ ату бойынша жарыстар осы Қағидалардың 12-тарауының 2-параграфына және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес оқ ату бойынша жарыстардағы жаттығулардың шарттарына сәйкес жүргізіледі.

20. Ф-1 гранатасын (600 грамм) тигізу дәлдігіне лақтыру осы Қағидалардың 8-тарауының 2-параграфына сәйкес жүргізіледі.

21. 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес өткізіледі.

22. Қатысушының керек-жарағы мыналарды құрайды: киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық; оқжатары бар автомат және 2 оқжатары бар оқшантай. Автоматты қолда бар материалдармен орауға жол берілмейді.

23. Өңірлік масштабтағы және одан жоғары ауқымдағы жарыстар күнтізбелік 3 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – АК-2-ден оқ ату;

2-ші күн – Ф-1 гранатасын тигізу дәлдігіне лақтыру;

3-ші күн – 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту.

жекелеген спорт бірлестіктері мен клубтарының деңгейіндегі жарыстар күнтізбелік 2 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – АК-2-ден оқ ату, Ф-1 гранатасын тигізу дәлдігіне лақтыру;

2-ші күн – 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту.

## **3-параграф. Әскери бессайыс – 1**

24. Әскери бессайыс – 1 (бұдан әрі – ӘБ-1) бойынша жарыстар бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) 7,62 миллиметр калибрлі стандартты винтовкадан қолдарын тіремей жатқан қалпында 200 метрге оқ ату (20 оқ ату);

2) 500 метр кедергілер жолағынан өту;

3) кедергілермен 50 метрге жүзу;

4) Ф-1 гранатасын (600 грамм) лақтыру дәлдігіне (16 лақтыру) және қашықтыққа (3 лақтыру) лақтыру;

5) 8 километрге кростық жүгіру.

Жарыстар күнтізбелік 3 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – оқ ату және кедергілер жолағынан өту;

2-ші күн – жүзу және гранаталар лақтыру;

3-ші күн – 8 километрге кростық жүгіру.

25. Қолдарын тіремей жатқан қалпында қарубауды қолдана отырып, 200 метрге оқ ату ақырын және жылдамдықпен оқ атуды қамтиды. Қару – сыйымдылығы 5 немесе 10 патроннан тұратын оқжатары бар 7,62 миллиметр калибрлі стандартты винтовка. Ағытқыш ілмек күші кемінде 1,5 килограмм. 10 шеңбері және ең кіші көлемі 1300x1300 мм нысананың ақ түсті өрісі бар № 3 нысана.

Оқ атуды бастар алдында 7 минут ішінде 5 сынақ оқ атуы орындалады, ақырын оқ ату – 12 минутта 10 оқ ату, жылдамдықпен оқ ату – 1 минутта 10 оқ ату. Жылдамдықпен оқ ату ақырын оқ ату аяқталғаннан кейін 3 минуттан соң жүргізіледі.

Сынақ оқ атулар 2 минуттық әзірліктен кейін жүргізіледі. 1 минут 45 секунд өткен соң "15 секунд қалды!" командасы беріледі. Оқ атуды бастау "Ат!" командасымен немесе ысқырықпен сигнал беру арқылы жүзеге асырылады. 6 минут 45 секунд өткеннен кейін "15 секунд қалды!" командасы беріледі. Оқ атуды тоқтату – ысқырықпен сигнал беру бойынша.

Жылдамдықпен оқ ату 2 минуттық әзірліктен кейін жүргізіледі. 1 минут 45 секунд өткеннен кейін "15 секунд қалды!" командасы беріледі, содан соң 1 минут 55 секунд өткеннен кейін "Дайындал!" командасы беріледі және 2 минуттан соң – "Ат!" командасы немесе қысқа ысқырық. 1 минут өткеннен кейін қысқа ысқырық бойынша оқ ату аяқталады. Оқ атуды бастауға сигнал берілгенге дейін жүргізілген әрбір оқ ату үшін 2 ұпай шегеріледі. Оқ атуды аяқтау туралы командадан кейін жүргізілген әрбір оқ ату мүлт жіберу деп бағаланады (үздік ойылма алынып тасталады). Жылдамдықпен оқ атуды жүргізген кезде оқ атуды бастағанға дейін немесе оқ ату аяқталғаннан кейін жүргізілген әрбір оқ ату үшін есептеу сериясының үздік нәтижелері күшін жояды. Мергеннің басқа спортшының нысанасы бойынша жүргізілген оқ атуы мүлт жіберу деп есептеледі. Егер мерген нысанасында оннан астам ойылма болса, үздік нәтижелер есепке алынады. Егер мерген бір серияда оннан астам оқ ату жүргізсе, оның ең үздік тигізулері күшін жояды. Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

26. Жиырма кедергісі бар 500 метрлік кедергілер жолағы. Кедергілер жолағы бір жолының ені – 2 метр. Әрбір спортшы тек өз жолағында жүгіреді және барлық кедергілерден белгілі бір тәсілмен өтеді. Егер кедергіден дұрыс өтпесе, төреші жалаушамен немесе ысқырықпен спортшыға кедергіден қайта өтуге белгі береді. Кедергілерден өтуді орындауды бастауға командалар "Стартқа!", "Назар аудар!", "Марш!" болып табылады. Фальстарт болған жағдайда жүгіру тоқтатылады және қайтадан старт беріледі. Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

27. Жарыстар 50 метрлік ашық немесе жабық жүзу бассейнінде (су станциясында) 4 кедергісі бар жүзу жолағында өткізіледі. Белгіленген тәсілмен 4 кедергіден өте отырып, еркін стильмен жүзетін 50 метрлік арақашықтық.

Еркін стильмен жүзуге старт старттық тумбочкадан секіру арқылы жүзеге асырылады. Төрешінің ұзақ ысқырығынан кейін қатысушылар старттық тумбочкаға шығады. Старт берушінің "Стартқа!" деген командасы бойынша қатысушылар бір аяқтарын старттық тумбочканың алдыңғы бөлігіне қоя отырып, старттық қалыпты қабылдайды. Қолдардың

қалпы регламенттелмейді. Қатысушылар қимылсыз тұрады, одан кейін старт беруші старттық сигнал береді. Фальстарт жасаған спортшы ескерту алады, екіншісінен кейін – шеттетілуге тиіс. Киім нысаны – жүзуге арналған спорттық.

28. Дәлдікке және қашықтыққа Ф-1 гранатасын (600 грамм) лақтыру; Тигізу дәлдігіне граната лақтыру орнынан немесе 20, 25, 30, 35 метр арақашықтыққа шеңберлер бойынша жүгірумен (3 метрден аспайтын) жүргізіледі. Шеңберлердің диаметрі 2 және 4 метр 2 шоғырланған аймағы бар. Шеңбердің ортасына биіктігі 20 сантиметр жалауша орналастырылады. Қатысушыға әрбір шеңберге 4 гранатадан 16 граната беріледі. Лақтыру биіктігі 125 сантиметр парапеттен орындалады. Гранаталар парапеттің жоғарғы бөлігінде орналастырылған. Лақтыруға берілетін уақыт – 4 минут. Лақтыру ысқырықпен сигнал бойынша басталады және аяқталады. Уақытынан бұрын немесе лақтыру уақыты аяқталғаннан кейін жүргізілген лақтыру тиісті шеңберге мүлт кету ретінде есептеледі. Егер қатысушы бір шеңберге 4 гранатадан артық лақтырса, онда әрбір артық граната мүлт кету ретінде есептеледі. Шеңберге тигізгендігі үшін ұпайлар мынадай үлгімен есептеледі:

№ 1 шеңбер (20 метр) – ішкі аймақ – 7 ұпай, сыртқы аймақ – 3 ұпай;

№ 2 шеңбер (25 метр) – ішкі аймақ – 8 ұпай, сыртқы аймақ – 4 ұпай;

№ 3 шеңбер (30 метр) – ішкі аймақ – 9 ұпай, сыртқы аймақ – 5 ұпай;

№ 4 шеңбер (35 метр) – ішкі аймақ – 10 ұпай, сыртқы аймақ – 6 ұпай.

Бір сериядағы барынша ұпай саны – 136.

Қашықтыққа граната лақтыру дәлдікке граната лақтыру аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Лақтыруға берілетін уақыт – 3 минут. Лақтырудың басталуы мен аяқталуы ысқырықпен сигнал беру бойынша жүргізіледі. Қатысушыға 3 мүмкіндік беріледі. Лақтыру дәлдікке граната лақтыруға арналған сектордың жалғасы болып табылатын сектор бойынша белгіленген жолақтар арқылы жүргізіледі. Секторға немесе оның шекараларына құлаған гранаталар есепке алынады. Гранаталардың құлаған орны көрсеткіштермен белгіленеді. Үздік нәтиже есепке алынады. Нәтиже дециметрлерге дейін дөңгелектенеді. Лақтыруға арналған киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

29. Старт жарыс бағдарламасының төрт түрінен кейін нәтижелер хаттамасына сәйкес кері тәртіпте жүргізіледі. Қатысушылар 1 минут аралықпен стартты бастайды. №1 қатысушы секунд өлшеуіш іске қосылғаннан кейін 1 минут өткен соң стартты бастайды. Арақашықтық әрбір километр сайын көрсеткіштермен белгіленген. Киім нысаны – спорттық.

30. Жеке-командалық есепке алуды айқындау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әскери-спорттық көпсайыстың (спорт түрлері бойынша) нәтижелерін бағалау және ұпайларын есептеу кестесіне сәйкес әрбір түр бойынша алынған ұпайларды қосу арқылы айқындалады.

#### **4-параграф. Әскери бессайыс – 2**

31. Әскери бессайыс – 2 (бұдан әрі – ӘБ-2) бойынша жарыстар бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) қолдарын тірмей жатқан қалпында қарубауды қолдана отырып, 100 метрге АК-1-ден оқ ату. Жарыстар осы Қағидалардың 12-тарауының 2-параграфына және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес оқ ату бойынша жарыстардағы жаттығулардың шарттарына сәйкес жүргізіледі.

2) 400 метрге жүгірумен үйлестіре отырып ЖБЖ кедергілер жолағынан өту. Жарыстар осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес жүргізіледі. Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық;

3) 50 метрге жүзу. Жарыстар 25 немесе 50 метрлік ашық немесе жабық жүзу бассейнінде (су станциясында) жүргізіледі. Жүзу стилі кедергілерсіз еркін. Еркін стильмен жүзуге старт старттық тумбочкадан секіру арқылы жүзеге асырылады. Төрешінің ұзақ ысқырығынан кейін қатысушылар старттық тумбочкаға шығады. Старт берушінің "Стартқа!" деген командасы бойынша қатысушылар бір аяқтарын старттық тумбочканың алдыңғы бөлігіне қоя отырып, старттық қалыпты қабылдайды. Қолдардың қалпы регламенттелмейді. Қатысушылар қимылсыз тұрады, одан кейін старт беруші старттық сигнал береді. Фальстарт жасаған спортшы ескерту алады, екіншісінен кейін – шеттетілуге тиіс. Киім нысаны – жүзуге арналған спорттық;

4) Ф-1 гранатасын (600 грамм) қашықтыққа және тигізу дәлдігіне лақтыру. Ф-1 гранатасын (600 грамм) қашықтыққа және тигізу дәлдігіне лақтыру осы Қағидалардың 8-тарауының 1, 2-параграфтарына сәйкес жүргізіледі.

5) 8 километр арақашықтыққа кросс. Старт жарыс бағдарламасының 4 түрінен кейін нәтижелер хаттамасына сәйкес кері тәртіпте жүргізіледі. Қатысушылар 1 минут аралықпен старт алады. № 1 қатысушы секунд өлшеуішті іске қосқаннан кейін 1 минуттан соң старт алады. Арақашықтық әрбір километр сайын көрсеткіштермен белгіленеді. Киім нысаны – спорттық.

#### **5-параграф. Офицерлік үшсайыс**

32. Офицерлік үшсайыс бойынша жарыс бағдарламасына мыналар кіреді:

1) 1-ші жас ерекшелігі санаты үшін (30 жасқа дейінгі ерлер):

3000 метрге жүгіру (қыста – 10 километрге шаңғы жарысы);

300 метрге еркін стильмен жүзу;

Макаров тапаншасы табельдік қаруынан оқ ату, 3-жаттығу (бұдан әрі – МТ-3);

2) 2-ші жас ерекшелігі санаты үшін (30-дан 40 жасқа дейінгі ерлер):

2000 метрге жүгіру (қыста – 5 километрге шаңғы жарысы);

200 метрге еркін стильмен жүзу;

МТ-3 табельдік қаруынан оқ ату;

3) 3-ші жас ерекшелігі санаты үшін (40 жастағы және одан үлкен ерлер):

1000 метрге жүгіру (қыста – 5 километрге шаңғы жарысы);

100 метрге еркін стильмен жүзу;

МТ-3 табельдік қаруынан оқ ату;

4) барлық жас ерекшелігі санаты бойынша әскери қызметші әйелдер үшін:

1000 метрге жүгіру (қыста – 5 километрге шаңғы жарысы);

100 метрге еркін стильмен жүзу;

Макаров тапаншасы табельдік қаруынан оқ ату, 1-жаттығу (бұдан әрі – МТ-1).

33. 1000, 2000, 3000 метрге жүгіру. 1000 метрге жүгіруге қатысушылар саны 10 адамнан, 2000 метрге – 20 адамнан, 3000 метрге – 30 адамнан аспайды. Топтық старттар арасындағы аралық 1000 метрге кемінде 3 минутты, 2000 метрге – 3 – 4 минутты және 3000 метрге – 5 – 6 минутты құрайды. Қатысушыларды стартқа тұрғызу жеребеге сәйкес 1 немесе 2 қатарда жүргізіледі. Қатардағы қатысушылар санын төрешілер алқасы айқындайды.

Арақашықтық бойынша жүгіру кезінде қатысушылардың бір-біріне кедергі келтіруіне жол берілмейді. Бұл қағиданы бұзғаны үшін қатысушы жарыстан алынып тасталады. Арақашықтықтан шығып қалған жүгіруге қатысушы өзінің төсбелгілік нөмірін алып тастайды және ол туралы жақын төреші – бақылаушыға, мәреге жетісімен – мәредегі төрешіге хабарлайды.



Арақашықтықтың аяқталуы қатысушы мәре жолағынан өткен немесе одан шыққан сәттен бастап тіркеледі. Қатысушылардың уақыты 1 секундқа дейінгі дәлдікпен секунд өлшеуішті тоқтатпастан ("жылжитын" меңзер бойынша) тіркеледі.

34. 100, 200, 300 метрге жүзу 25 немесе 50 метрлік ашық немесе жабық жүзу бассейнінде (су станциясында) жүргізіледі. Жүзу стилі кедергілерсіз еркін. Еркін стильмен жүзуге старт старттық тумбочкадан секіру арқылы жүзеге асырылады. Төрешінің ұзақ ысқырығынан кейін қатысушылар старттық тумбочкаға шығады. Старт берушінің "Стартқа!" деген командасы бойынша қатысушылар бір аяқтарын старттық тумбочканың алдыңғы бөлігіне қоя отырып, старттық қалыпты қабылдайды. Қолдардың қалпы регламенттелмейді. Қатысушылар қимылсыз тұрады, одан кейін старт беруші старттық сигнал береді. Фальстарт жасаған спортшы ескерту алады, екіншісінен кейін – шеттетілуге тиіс.

35. МТ-1, МТ-3 табельдік қаруынан оқ ату осы Қағидалардың 12-тарауының 1-параграфына сәйкес және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес оқ ату бойынша жарыстардағы жаттығулардың шарттары бойынша жүргізіледі.

36. Жарыстар күнтізбелік 3 күн ішінде өткізіледі:

1-ші күн – оқ ату;

2-ші күн – жүзу;

3-ші күн – жүгіру (шаңғы жарысы).

Спортшылар жас ерекшелігі санаты бойынша қатысады.

Киім нысаны: оқ ату кезінде – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық; жүзу және жүгіру (шаңғы жарысы) бойынша жарыстарда – спорттық. Әрбір түрді орындау үшін қатысушыға бір мүмкіндік беріледі.

37. Жеке біріншілік қатысушының көпсайыстың әрбір түрі бойынша көрсеткен нәтижелері үшін алған ұпайларының анағұрлым көп сомасы бойынша айқындалады. Ұпайлар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әскери-спорттық көпсайыстарда (спорт түрлері бойынша) нәтижелерді бағалау және ұпайларды есептеу кестесі бойынша есептеледі.

#### **6-параграф. Әскери-спорттық кешен көпсайысы**

38. Әскери-спорттық кешен (бұдан әрі – ӘСК) көпсайысы бойынша жарыстар бағдарламасына мыналар кіреді:

1) АК-1 автоматынан оқ ату;

2) Ф-1 гранатасын (600 грамм) қашықтыққа лақтыру;

3) белтемірде тартылу;

4) 100 метрге жүгіру;

5) 3000 метрге жүгіру.

Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

39. Ф-1 гранатасын қашықтыққа лақтыру осы Қағидалардың 8-тарауының 1-параграфына сәйкес жүргізіледі.

40. АК-1-ден оқ ату бойынша жарыстар осы Қағидалардың 12-тарауының 2-параграфына сәйкес және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес оқ ату бойынша жарыстардағы жаттығулардың шарттары бойынша жүргізіледі.

41. Белтемірде тартылуды орындау шарттары: жоғарыдан ұстай асылу, қолдарды тік ұстай асылып қимылсыз қалыптан (1-2 секунд үзіліс) тартылу (иек керме деңгейінен жоғары), аяқтар жұлқи тарту және серпілу қимылдарынсыз қосылған күйінде.

42. 100 және 3000 метрге жүгіру бойынша жарыстар стадионның жүгіру жолында немесе кез-келген жабыны бар тегіс жергілікті жерде жүргізіледі. Арақашықтық бойынша жүгіру уақытында қатысушыларға бір-біріне кедергі жасауға жол берілмейді. Бұл қағиданы бұзғаны үшін қатысушы жарыстан алынып тасталады. Арақашықтықтан шығып қалған жүгіруге

қатысушы өзінің төсбелгілік нөмірін алып тастайды және ол туралы жақын төреші – бақылаушыға, мәреге жетуіне қарай – мәредегі төрешіге хабарлайды. Арақашықтықтың аяқталуы қатысушы мәре жолағынан өткен сәттен бастап тіркеледі. Қатысушылардың уақыты 1 секундқа дейінгі дәлдікпен секунд өлшеуішті тоқтатпастан ("жылжитын" меңзер бойынша) тіркеледі.

43. Жеке біріншілік қатысушының көпсайыстың әрбір түрі бойынша көрсеткен нәтижелері үшін алған ұпайларының анағұрлым көп сомасы бойынша айқындалады. Ұпайлар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әскери-спорттық көпсайыстарда (спорт түрлері бойынша) нәтижелерді бағалау және ұпайларды есептеу кестесі бойынша есептеледі.

## **6-тарау. Жеңіл атлетика және жылдам қозғалу**

### **1-параграф. 5 және 10 км қашықтыққа жүгіру**

44. Қашықтыққа жүгіруде жарыстар орташа қиылысқан жергілікті жер бойынша 5 және 10 километр арақашықтықта жүргізіледі.

Қатысушының керек-жарағы: Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық; Калашников автоматы (карабин), газтұмша, 2 оқжатары бар сөмке (оқ қалта).

Топтық және жалпы стартқа жол беріледі. Старт уақытында қатысушылар нысан бойынша киінеді, қару "арқада" қалпында, сақтандырғышта. Топтық старт кезінде қатысушылар кемінде 1 минут аралықпен 2 – 10 адамнан топтармен стартты бастайды. Жалпы старт (бөлімшемен) кезінде старттар арасындағы аралықтар 5-тен 10 минутқа дейін.

Старт алдында керек-жарақты, қару-жарақты және киім-кешекті тексеру жүргізіледі. Егер тексеру кезінде анықталған қару-жарақтағы, керек-жарақтағы және киім-кешектегі кемшіліктер старт басталар сәтке дейін жойылмаса, онда бөлімшенің (қатысушының) старты олар толық жойылғанға дейін кешіктіріледі. Бұл ретте старт уақыты старттық хаттамада жазылғандай болып қалады.

45. Қатысушыға уақыт 1 секундқа дейінгі дәлдікпен айқындалады. Мәредегі барлық жеке құрам нысан бойынша киінген, стартта тіркелген барлық керек-жарағы бар. Керек-жарақ пен қару-жарақтың кез-келген жетіспейтін заты үшін қатысушы жарыстан алынады.

### **2-параграф. Әскерилендірілген кросс**

46. Жарыс бағдарламасына: Калашников автоматынан (АК-5,45 миллиметр, 100 метрге), шағын калибрлі винтовкадан (50 метрге) немесе Макаров тапаншасынан (25 метрге) оқ атумен ерлер үшін 3000 метрге және әскери қызметші әйелдер үшін 1500 метрге жүгіру, Ф-1 гранатасын (600 грамм) лақтыру кіреді.

47. Старт пен мәре бір жерде жабдықталады. 3000 метр арақашықтықта атуға арналған орын (атыс алаңы) старттан 1500 метрлік үзікте (айналма арақашықтықтардағы бұрылу, қарама-қарсы немесе аралық) жабдықталады. 1500 метрлік арақашықтықта 750 метрлік үзікте жабдықталады. Жарысқа қатысушылардың старты жеке, жұппен немесе топтық (бірақ топ 5 адамнан аспауға тиіс) орындалады. Старт кезінде қару сақтандырғышқа қойылады. Қатысушылар патрондарды оқ ату шебінде алады, төреші-бақылаушының нұсқауы бойынша орнына орналасады және оқ атуға әзірленеді. Спортшы оқжатарды патрондармен толтырған кезде төреші оған қатысушы ол бойынша оқ ауды жүргізуге тиіс нысананың нөмірін айтады. Оқ ату әзір болу шамасына қарай, төрешінің қосымша командасынсыз басталады.

48. Қатысушылар оқ ауды қолдарын тіреп жатқан қалпында автоматтан (шағын калибрлі винтовкадан), тұрған қалпында тапаншадан үш жеке оқ атумен, 3 нысананы зақымдағанға дейін (қатысушыға 4 патрон беріледі).

Калашников автоматынан және МТ-дан оқ ату № 4 нысана (шеңбері бар кеуде фигурасы) бойынша, шағын калибрлі винтовкадан № 7 нысана бойынша жүргізіледі (көтергіштері бар "құлайтын"). Оқ ату кезінде автоматтың (винтовканың) қарубауын қолдануға жол беріледі.

Қарумен барлық іс-қимылдарды қатысушы дербес орындайды. Кідірулер мен ақаулықтарды жою үшін қатысушыға төрешінің рұқсатымен қару шеберінің көмегін пайдалануға жол беріледі.

Егер қатысушы Калашников автоматынан бір-бірлеп оқ атулардың орнына кезекпен оқ атуды ашса, онда оқ ату оған есепке алынады. Оқжатарды Жарыс туралы ережеде айқындалғаннан артық жарақтандырған қатысушы жарыстардан шеттетіледі.

Қатысушы өзгенің нысанасын зақымдаған жағдайда оқ ату оған есептеледі, бірақ кросстағы нәтижесіне 15 секунд қосылады.

Егер қатысушының нысанасы оқ ату кезінде құлап қалса, ал ол оқ атуды жүргізбесе, төреші операторға нысананы көтеру туралы сигнал береді, одан кейін оқ ату жалғастырылады, бұл ретте оқ атуды мәжбүрлі түрде кідірту уақыты кросстағы жалпы нәтижеден шегеріледі.

Әрбір зақымдалмаған нысана үшін қатысушыға бір қосымша (айыппұлдық) 100 метрлік шеңбер түрінде айыппұл салынады.

Оқ ату аяқталғаннан кейін қатысушы жатқан қалпында болған кезде төреші қаруды қарап тексереді, қалған патрондарды алады және жүгіруді жалғастыруға команда береді.

49. Гранаталар лақтыру үшін 1500 метрлік арақашықтықтың үшінші километрінің басында немесе соңғы 500 метрінде ені 10 метр, ұзындығы 40 және 25 метр коридорлар жабдықталады. Ф-1 гранаталары (600 грамм) лақтыру сызығынан 10 метр арақашықтықта болады. Жаттығуды орындау үшін 3 граната беріледі. Егер жақсы нәтиже бойынша гранаталарды 40 метр (ерлер үшін) және 25 метр (әйелдер үшін) бақылау сызығына дейін 5 метрге жеткізбей лақтырылса, қатысушы бір айыппұлдық шеңбермен, 5-тен 10 метрге дейін – екі айыппұлдық шеңбермен жазаланады. Егер барлық 3 гранатаны жеткізбей лақтыру 10 метрден артық болса немесе олардың біреуі де коридорға түспесе, онда қатысушы 3 айыппұлдық шеңбермен жазаланады. Айыппұлдық шеңбер арақашықтығы 100 метрді құрайды.

50. Оқ атуға және лақтыруға арналған орындар саны қатысушылар санына байланысты айқындалады. Арақашықтықтың аяқталуы қатысушы денесінің қандай да бір бөлігі мәре жазықтығына тиген сәтте тіркеледі. Қатысушылар уақыты 1 секундқа дейінгі дәлдікпен секунд өлшеуішті ("жылжитын" меңзер бойынша) тоқтатусыз тіркеледі.

51. Әскерилендірілген кростағы жеке орындар жақсы нәтиже бойынша айқындалады. Нәтижелер тең болған жағдайда нысанаға тигізген, одан кейін 40 (25) метр сызықтан әрі граната лақтырған қатысушыға басымдық беріледі.

Егер нысананы зақымдауды және гранатаны табысты лақтыруды есепке алу жеңімпазды анықтауға мүмкіндік бермесе, қатысушыларға бірдей орындар беріледі.

## **7-тарау. Шаңғы спорты**

### **1-параграф. Патрульдердің оқ атумен командалық жүгіруі**

52. Командалардың жеребеге сәйкес 1 – 2 минут аралықпен бөлек старты. Команданың старттық нөмірі оқ ату шебіндегі бағытты да айқындайды. Бір оқ ату шебінде жатқан қалпында оқ атумен 10 километр арақашықтық. Шағын калибрлі винтовка – қаруы спортшының арқасында, оптикалықты қоспағанда, ТҚЗ-8 (Тула қару зауыты–8), ТОЗ-12 (Тула қару зауыты–12) үлгісіндегі немесе кез-келген көздеуішпен спорттық (биатлон үшін).

Команда құрамы – 4 адам.

Оқ ату арақашықтығы 50 метр, диаметрі 11 сантиметр нысана (жатқан қалпында оқ атуға арналған биатлондық), "құлайтын".

Оқ атуды команданың әрбір қатысушысы өз нысанасын зақымдағанға дейін (қатысушыға 3 патрон беріледі) кезекпен жүргізеді. Команда барлығы 4 нысананы зақымдауға тиіс.

Зақымдалмаған әрбір нысана үшін команда 150 метрлік 1 айыппұлдық шеңбермен (барлық команда өтеді) жазаланады.

Команданың барлық қатысушылары арақашықтық бойынша бірлесіп өтеді, оларға бір-біріне кез-келген көмек көрсетуге жол беріледі.

Оқ ату шебінен кейін қатысушылардың бірі арақашықтықтан (оның ішінде патруль бастығы (басшысы)) шығуы мүмкін және команда жүгіруді 3 адамнан тұратын құраммен жалғастырады.

Команда қатысушылардың арасы 20 метрден аспайтын аралықпен мәреге шығуға тиіс, мәре уақыты команданың соңғы мүшесі бойынша айқындалады.

## **2-параграф. Патрульдер эстафетасы**

53. Барлық кезеңдер бойынша қатысушылардың толық құрамы бар команда эстафетаға қатысуға жіберіледі. 1-кезең старты жалпы.

Кезең арақашықтығы бір оқ ату шебінде жатқан қалпында оқ атумен 5 километр. Оқ атуды команданың әрбір қатысушысы 3 нысананы зақымдағанға дейін (қатысушыға 4 патрон беріледі) жүргізеді. Зақымдалмаған әрбір нысана үшін қатысушы 150 метрлік 1 айыппұлдық шеңбермен жазаланады.

54. Командалық сынақта жеңімпаздар бағдарламаның мынадай екі түрі:

1) шаңғы жарысы: жеке шаңғы жарысы плюс шаңғы эстафетасы;

2) оқ атумен патрульдердің шаңғы жарысы: патрульдердің командалық жарысы плюс патрульдердің эстафетасы бойынша орындардың барынша аз сомасы бойынша айқындалады.

Бұл көрсеткіштер тең болған жағдайда патрульдердің оқ атумен шаңғы жарысында жақсы көрсеткіштері бар команда басымдыққа ие болады.

## **8-тарау. Граната лақтыру**

### **1-параграф. Қашықтыққа граната лақтыру**

55. Қашықтыққа граната лақтыру жүгірумен немесе орнында тұрып сақтандырғыш иінтірегі жоқ Ф-1 оқу-жаттығу гранатасымен жүргізіледі. Граната салмағы – 600 грамм. Қатысушыға гранаталарды төрешілер алқасы лақтыру орнында береді.

Киім нысаны – қолына автомат ұстай отырып әскери далалық стильде, немесе әскери далалық. Жағаның түймесін ағытуға, белдікті босатуға, қарудан ағытпай автомат қарубауын қолдануға жол беріледі. Бас киімді шешуге жол берілмейді.

Лақтыру планкадан немесе ұзындығы 4 метр, ені 7 сантиметр сызықтан ені 10 метр коридор бойынша жүргізіледі. Планка жүгіруге арналған жол топырағымен бір деңгейде бекітіледі және ақ түске боялады. Оның жиектері бойынша түрлі түсті жалаушалар немесе көрсеткіштер орнатылады.

Коридор параллельді ақ сызықтармен белгіленеді, олар 5 метр сайын (40 метрден бастап) жүргізіледі. Сызықтың екі жақ жиектеріне сызықтың планкадан арақашықтығын көрсететін цифрлары бар көрсеткіштер орнатылады. Бүйірлік сызықтар ені коридордың шекарасына енгізілмейді.

Жүгіруге арналған жолақ тығыз. Жолақ ені 1,25 метрден кем емес, ұзындығы – 25 – 30 метр. Планка алдында соңғы 6 – 8 метрде жолақ 4 метрге дейін кеңейтіледі.

56. Лақтыру аға төрешінің "Есептелді!" командасынан кейін есепке алынады, ол бұл команданы граната коридор шекарасына түскен және қатысушы лақтырғаннан кейін нық қалпында қалған жағдайда береді. Төреші "Есептелді!" командасын жалаушаны жоғары көтерумен сүйемелдейді, бұл төреші-өлшеушілер үшін сигнал болып табылады және оларға нәтижені белгілеу құқығын береді.

Бұзушылық болған кезде аға төреші "Жоқ!" командасын береді және бір уақытта төмен түсірілген жалаушамен белгі береді.

Егер қатысушы:

1) лақтыру кезінде немесе одан кейін денесінің қандай да бөлігіне, киім-кешегіне немесе автоматына, планканың сыртындағы топыраққа тисе;

2) планканы басып кетсе немесе оны жоғарыдан іліп кетсе;

3) екпін алу (сермеу) кезінде планканың алдына құлайтындай гранатаны түсіріп алса (тіпті кездейсоқ). Гранатаның лақтыруға арналған секторға (планкаға дейін) кездейсоқ түсуі қате болып есептелмейді;

4) лақтырғаннан кейін "Есептелді!" командасына дейін планка арқылы алға қарай түссе. Сонымен қатар егер граната коридордан тыс құласа, лақтыру есепке алынбайды.

Коридорға құлаған кезде гранатаның топырақта қалған ізі нөмірі бар таяқшамен белгіленеді. Таяқша планкаға ең жақын іздің нүктесіне қойылады.

Өлшеу таяқшадан бастап планкаға перпендикулярлы сызыққа дейін рулеткамен жүргізіледі. Өлшеу кезінде рулетканың нөлдік белігісі таяқшаға қойылады. Нәтиже 1 сантиметрге дейінгі дәлдікпен айқындалады. Өлшеу барлық 3 лақтыру жасалғаннан кейін жүргізіледі және хаттамаға тек үздік лақтырудың нәтижесі жазылады.

Екі немесе одан да көп қатысушылардың нәтижесі тең болған жағдайда оларға бірдей орындар беріледі. Бұл ретте кейінгі орындар жылжытылмайды. Бірдей нәтижелер көрсеткен және жарыс жеңімпазы атағынан үміткер қатысушыларға қосымша 3 лақтыру мүмкіндігі беріледі.

## **2-параграф. Дәлдікке граната лақтыру**

57. Дәлдікке граната лақтыру 40 метр арақашықтыққа орнында тұрып немесе қолындағы автоматпен екпін алумен 3 шеңбер бойынша жүргізіледі: 1-ші (орталық) – радиусы 0,5 метр; 2-ші – 1,5 метр; 3-ші – 2,5 метр.

1-ші шеңбер металдан дайындалады, жермен бір деңгейде орнатылады және ақ түске боялады. Шеңбердің ортасына көлемі 15x20 сантиметр, сабының биіктігі жерден 30 сантиметр қызыл жалау орнатылады. Қалған шеңберлер ені 5 сантиметр сызықтармен белгіленеді. Белгілеу сызығы кішкентай шеңбердің көлеміне кіреді. Лақтыру сақтандырғыш тұтқасынсыз Ф-1 оқу-жаттығу гранатасымен жүргізіледі. Граната салмағы – 600 грамм. Қатысушыларға гранаталарды лақтыру орнында төрешілер алқасы береді.

Әрбір қатысушыға 3 сынамалық және 15 сынақтық лақтыру беріледі. Сынамалық граната лақтыру үшін уақыт – 1 минут, сынақтық үшін – 6 минут. Сынамалық лақтыруларды орындағаннан кейін қатысушы сынақтық лақтыруларды жүргізуге әзір екендігі туралы баяндайды және төрешінің рұқсат беру командасы арқылы лақтыруды бастайды. Барлық гранаталарды лақтыруды аяқтағанға дейін қатысушыға сектордан шығуға тек төрешінің рұқсатымен ғана рұқсат етіледі.

Сынақтық лақтыруларды орындаған кезде бағалау сектордағы (шеңбердегі) төрешінің лақтыру жетістігіне сәйкес цифры бар көрсеткішті көтеруімен және дауыстап қайталауы арқылы жүргізіледі. Кезекті гранатаны лақтыруға тек алдыңғы лақтыру үшін баға алғаннан кейін жол беріледі.

Мүмкіндіктерді бағалау критерийлері (сәтті немесе сәтсіз) қашықтыққа граната лақтыру бойынша жарыстарды жүргізу шарттарымен ұқсас.

Гранаталар нысанаға тиген кезде лақтыру мынадай бағаланады: 1-ші шеңбер (орталық) – 115 ұпай; 2-ші – 75 ұпай; 3-ші – 45 ұпай. Орталық шеңберге орналастырылған жалаушаға тигізу 115 ұпаймен бағаланады.

Жарыстар үшін киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық. Жағаның түймесін ағытуға және белдік белбеуді босатуға рұқсат етіледі.

Қауіпсіздік мақсатында граната лақтыру кезінде шеңберлердің сыртына металл тордан қоршау орнатылады.

58. Жеке біріншілік жиналған ұпайлардың анағұрлым көп сомасы бойынша айқындалады. Нәтижелер тең болған жағдайда үздік орын орталық шеңберге (2-ші, одан кейін 3-ші шеңберге) көп тигізулері бар қатысушыға беріледі. Командалық біріншілік сыналатын қатысушылар ұпайларының жалпы сомасынан орташа нәтиже бойынша немесе Жарыс туралы ереженің өзге де шарттары бойынша айқындалады.

#### **9-тарау. Арқан тарту**

59. Арқан тарту бойынша жарыс екі команда арасында командалардың бірі 2 рет жеңіске жеткенге дейін жүргізіледі. Арқан тарту арасында қатысушыларға 5 минуттан аспайтын демалыс беріледі.

Алғашқы арқан тарту алдында монетаны пайдалана отырып, арқанның ұшын таңдау үшін жеребе тартылады. Екінші рет арқан тарту алдында командалар орын ауыстырады. Егер үшінші рет арқан тарту қажет болған жағдайда, арқанның ұшы қайтадан жеребе тарту арқылы айқындалады.

60. Команда құрамы – 8 адам (1 қосалқы). Қатысушыны қосалқымен ауыстыру тікелей арқан тартуды бастар алдында жүргізіледі. Арқан тарту бойынша жарыстар мынадай командалық салмақ санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) жеңіл салмақ – 560 килограмнан аспайтын;
- 2) орташа салмақ – 640 килограмнан аспайтын;
- 3) ауыр салмақ – 720 килограмнан аспайтын;
- 4) өте ауыр салмақ – 720 килограмнан жоғары.

Қатысушылардың салмағын өлшеу жарыс алдында бір сағат ішінде жалаңаш күйде немесе ішкіімде (жүзуге арналған ішкіімде) жүзеге асырылады.

Команда жаттықтырушысына команданың арқан тартуға қатысуы процесінде онымен сөйлесуіне жол берілмейді.

61. Арқан тарту бойынша жарыстардың өткізілетін орны жазық және тегіс жазықтықты құрайды.

Арқанның ұзындығы – 22 метрден кем емес және 34 метрден артық емес, диаметрі – 10-13 сантиметр. Арқанның келесі жерлері белгілермен белгіленген:

- 1 (қызыл) – ортасында;
- 2 (ақ) – екі жағынан орталық белгіден 4 метр қашықтықта;
- 3 (жасыл) – екі жағынан орталық белгіден 5 метр қашықтықта.

Жарысқа арналған жекеленген алаңның ортасынан арқанның қозғалысына перпендикуляр бір сызық сызылады.

Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық. Жарысты спорт залда өткізу үшін кәдімгі спорттық киім нысанын пайдалануға жол беріледі. Аяқ киімде металл тұмсықтың немесе металл пластинаның, аяқ киім табанынан немесе өкшесінен шығып тұратын бұдыр мен шегенің болуына жол берілмейді. Бозбалаларға арналған киім нысаны: бейсболка, жеңі ұзын күртеше (футболка), тобықтан спорттық шалбар (рейтуз), тікенсіз спорттық аяқ киім.

62. Әрбір қатысушыға арқанды екі қолымен ұстауға, оны қалыпты үлгіде қармап, яғни екі қолдың алақандары жоғары қаратылған, ал арқан дене тұлғасы мен иықтың арасында тұрғанда жол беріледі. Арқанның қозғалысына кедергі келтіретін бұдан басқа қармау тежеу болып табылады және ережелерді бұзу болып қарастырылады.

Команданың тұйықтаушы мүшесі арқанды қалыпты үлгіде қармайды, ал арқанның шетін қолтығы арқылы, сосын арқасы арқылы келесі иығына өткізеді және басқа қолтығына қысады.

Арқан үнемі керілген күйде тұрады.

Команда бір тартуда қағидаларды бұзумен байланысты 3 ескерту алған кезде шеттетіледі. Бір қатысушы жол берген бұзушылық команданың қағидаларды бұзуы болып саналады.

Арқан тарту басталар алдында арқан тығыз керіледі, ондағы орталық белгі жарыс өтетін орында белгіленген орталық сызық үстінде тұрады.

63. Мыналарға жол берілмейді:

- 1) арқанды жасыл белгімен шектелген ұзындық шегінде қармап ұстауға;
- 2) ілмектер немесе түйіндер жасауға;
- 3) әдейі жерге (еденге) отыруға немесе күтпеген құлаудан кейін ақырын тұруға;
- 4) аяқтың табандарынан басқа, дененің қандай да бір бөлігін жерге тигізуге;
- 5) қағидаларға қайшы келетіндей қанатты кез-келген қармауды орындауға;
- 6) "Арқанды тарт!" командасына дейін жерде кез-келген ойықтарды жасауға;
- 7) жарыс өткізілетін жазықтықтың шегінен шығуға.

64. Арқан тарту процесіне үш төреші (аға төреші және 2 бүйірлік төреші) қызмет көрсетеді. Аға төреші екі нұсқаушыдан әзірлік туралы сигнал алғаннан кейін ол қатысушыларға дауыстап немесе ым-ишарамен мынадай командаларды береді:

- 1) "Арқанды көтер!" (бұл команда бойынша арқанды қармау жүргізіледі);
- 2) "Арқанды тарт!" (қатысушылар арқанды қатты тартады);
- 3) "Арқан – ортаға!" (арқан орталық қалыпқа келтіріледі);
- 4) "Нық қалыпта ұста!" (арқан тұрақты қалыпта және оның орталық белгісі – жердегі орталық сызық үстінде).

Аздаған үзілістен кейін "Арқанды тарт!" командасы беріледі.

Егер төреші бұзушылықтарды есепке алса, ол тартысты тоқтатады, тиісті командаға ескерту жасайды және орталық белгіні көрсетеді, содан кейін арқан тарту қайтадан басталады.

Арқан тартуда жеңісті аға төреші ысқырық және жеңген команда жағын қолмен нұсқау арқылы белгілейді.

Егер командалардың бірі арқанды көрсеткіштермен көрсетілген талап етілетін арақашықтыққа дейін апарса немесе екінші команда шеттетілсе, арқан тартуда жеңген болып есептеледі.

## **10-тарау. Қолданбалы жүзу**

### **1-параграф. Қарумен киім-кешекте жүзу**

65. Қарумен киім-кешекте жүзу кезінде барлық санаттағы спортшылар үшін киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық, қонышы биік бәтеңке, белбеу, жаңғыртылған Калашников автоматы немесе арнайы Калашников автоматы болып белгіленеді.

Қару немесе автомат макеті көлеміне және массасына сәйкес келеді, батпай жүзеді, кемінде 2 килограмм.

Қарумен киім-кешекте жүзу кезінде қозғалысты жылдамдататын, су бетінде дененің немесе қарудың жүзуін жақсартатын, төзімділікті немесе басқа да физикалық қасиеттерді жақсартатын қандай да бір құрылғыларды, сондай-ақ шалбардың балағын түруге, киім-кешектегі қалталарды тігуге немесе қиып тастауға жол берілмейді.

Қарумен киім-кешекте жүзу кезінде күртенің жағасының жоғарғы түймесін және жеңдегі түймелерді ағытуға, күртенің жеңін түруге, автоматты және аяккиімді белдік белбеумен

арқаға бекітуге жол беріледі. Жарысқа қатысушылардың осы керек-жарағын старт басталар алдында төрешілердің үлкені тексереді.

Киім нысаны, қару немесе автомат макеті сәйкес келмеген жағдайда қатысушы стартқа жіберілмейді. Қашықтықты жүзіп өткеннен кейін төрешілердің үлкені мәреде жүзіп келген әрбір қатысушының киім-кешегінің, керек-жарағы мен қаруының болуын тексереді. Киімнің немесе керек-жарақтың жоғалтылған әрбір элементі үшін орындалған разряд 1 санатқа төмендетіледі.

66. Жарыстар жасанды немесе табиғи бассейндерде ұйымдастырылады. Ағысы бар табиғи су тоғандарында өткізілетін жарыстарда қатысушылар қашықтықтың жартысын ағысқа қарсы жүзіп өтеді. Старттық секіруді орындайтын жерде тереңдік кемінде 1,2 метрді құрайды. Старттық көпірдің (старттық тумбочкалардың) үстіңгі беті тайғанамайтын төсеммен көлденең (7° артық емес еңіс болуға жол беріледі), бұрылу қалқандары тегіс, саңылаусыз, су бетіндегі бөлігінің биіктігі кемінде 0,3 метр және су астындағысынікі 1,8 метр болады. Бассейн жолдарының әрқайсысы 2,5 метрден тар емес. Олар бір-бірімен диаметрі 10 сантиметрден артық емес дөңгелек қалқымалары бар арқандармен бөлінеді. Жолдар өздерінің реттік нөмірлерімен белгіленеді. Стартты дұрыс бастамаған кезде қатысушыларды тоқтату үшін су бетінде бассейнге көлденең, 1,5 метр биіктікте және сөреден 15 метр қашықтықта бау тартылады, ол стартты бастағандарды кері қайтару қажет болғанда су астына түсіріледі. Бассейннің түбі таза, қатысушыларды жарақаттауы мүмкін заттарсыз тегіс болады.

Қатысушылар жолдарының нөмірлері кезекті жүзу басталар алдында тікелей жеребе тастаумен айқындалады.

67. Старт старттық көпірден (тумбочкадан) секірумен жүргізіледі. Старттық тумбочканың биіктігі су деңгейінен 0,75 метрден артық емес.

Стартты жариялаушы хронометрші-төрешілердің дайын болуына қарай "Қатысушылар, орындарыңа орналас!" деген алдын ала командасын береді немесе созылыңқы түрде ысқырады. Осы команда бойынша қатысушылар оларға жеребемен айқындалған старттық тумбочкаларға тұрады. "Стартқа!" командасы бойынша қатысушылар қозғалмаған қалпында баяу стартқа дайындала бастайды. Стартты жариялаушы атуды жүргізеді немесе бір уақытта жоғары көтерілген жалаушаны түсіре отырып, "Марш!" деген орындау командасын береді.

Егер "Марш!" командасына дейін немесе атқанға дейін барлық қатысушылар қозғалмаған қалпын сақтаса, старт дұрыс деп саналады. Егер бір немесе бірнеше қатысушы старт туралы сигналға (командаға) дейін қозғалысты бастаса немесе суға секіріп кетсе, старт басталған жоқ (фальстарт) деп есептеледі, барлық қатысушылар бастапқы қалыпқа орналасады және старт қайталаанады. Старт екі реттен артық қайталанбайды. Екінші рет қағиданы бұзған спортшы (ол бірінші жалған стартта қағиданы бұзды ма немесе бұзған жоқ па, оған қарамастан) шеттетіледі.

Қайта старт болған кезде жүзуге қатысушылар қайтарылмайды. Қашықтықты толық жүзіп өтеді. Бас төрешінің шешімімен оның пікірінше уақытынан бұрын стартты бастағандар шеттетіледі. Олардың нәтижелері есептелмейді.

68. Қатысушылар барлық қашықтықты су бетімен жүзіп өтеді. Стартта секіру кезінде және бұрылыстарда су астына сүңгуге жол беріледі. Бұрылуды орындау кезінде және мәреде еркін стильмен жүзуде қатысушылар бұрылу қалқанына немесе бассейн қабырғасына қолын немесе денесінің кез келген бөлігін, браспен жүзу кезінде 2 қолын бірге тигізеді.

Басқа жолға түсіп кеткен және екінші қатысушыға бөгет жасаған спортшы шеттетіледі. Бұл жағдайда 2 жүзудің ең үздік уақыты есептеледі.



Қашықтықтан өту кезінде қатысушыларға жолдан, баспалдақтың жиегінен және басқа да заттардан ұстап тартылуға, сондай-ақ олардан серпілуге немесе түбіне тұруға жол берілмейді. Заттарға немесе түбіне қасақана қол тигізу қағидаларды бұзу болып табылмайды.

Қашықтықтан өту уақытында алға озу бойынша қандай да бір іс-қимылдар жасауға (нұсқаулар беруге, спортшыға бассейннің бортымен ілесіп жүруге) жол берілмейді.

Бұрылулар, мәре және қашықтықтан өту қағидаларын бұзғаны үшін қатысушылар жарыстардан шығарылады.

69. Қашықтыққа жету (мәре) қатысушы қолымен бұрылу қалқанына немесе бассейннің жиегіне қолын тигізген сәттен бастап тіркеледі.

Өзі жүзіп бірінші болып келген қатысушының уақыты үш секунд өлшеуішпен тіркеледі және 0,1 секундқа дейін дәлдікпен айқындалады. Секундпен өлшеушілердің көрсеткіштерінде айырмашылықтар болған кезде бірдей уақытты тіркеген екі секунд өлшеуіштің деректері немесе үшеуінде де айырмашылықтар болған кезде ортаңғы секунд өлшеуіштің көрсеткіштері алынады. Егер уақыт екі секунд өлшеуішпен қабылданған жағдайда төмен уақыт алынады. Қалғандарының әрқайсысының уақыты жеке секунд өлшеуішпен тіркеледі.

Егер секунд өлшеуіштердің көрсеткіштерінде қатысушылардың мәреге келу тәртібінің жазбасымен айырмашылықтар болса, онда жеке орындар төрешілер мәреде тіркеген келу тәртібіне сәйкес айқындалады, ал күмән келтіретін нәтижелер мәреге бірінші болып келген қатысушының нәтижелерін айқындайтын секунд өлшеуіштің көрсеткіштері бойынша белгіленеді.

Жеңімпазды және алған жеке орындарды айқындау көрсеткен нәтижелер бойынша жүргізіледі. Егер екі немесе бірнеше қатысушы қашықтыққа бір уақытта жетсе, оларға олар үміткер бірдей орындар беріледі, ал келесі орындар жылжытылмайды. Нәтижелер тең болған жағдайда жүлделі орындар үшін қайта жүзіп өту белгіленеді.

## **2-параграф. Ұзындыққа сүңгу**

70. Ұзындыққа сүңгу су тұнықтығы кемінде 1 метр бассейндерде немесе бір жағынан тіке төсеніші бар су станцияларында өткізіледі.

Бассейндерде жарыстар 2 шеткі жолмен жіргізіледі.

71. Жазғы су станцияларында сүңгу үшін орын мынадай тәсілмен жабдықталады. 1 метр тереңдікте бассейн айналасындағы тіке төсеніштен 2 метр қашықтықта түйінсіз және үзілмейтін қалыңдығы 1-1,5 сантиметр ақ баужіп тартылады. Баужіпте 3 белгі жасалады:

біріншісі, қара түске боялған (20 сантиметр учаске) – сүңгітін жерден бастап 30 метр қашықтықта;

екіншісі, қызыл түске боялған – 40 метр қашықтықта;

үшіншісі, көк түсті – 45 метр қашықтықта.

72. Сүңгу уақытында қатысушыларды сақтандыру үшін қалыңдығы 0,5 сантиметр капрон баужіп қолданылады, оның бір ұшы белге бекітіледі, ал екіншісі төреші-бақылаушының қолында болады. Баужіптің ұзындығы 6-7 метр. Баужіп берік, түйіндері мен үзілген жерлері жоқ.

Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін төреші-бақылаушының қарамағына жүзушілерді құтқару командасы (2 – 4 адам) жіберіледі, олар төсеме бойына, төрешілер алқасы көрсеткен орындарға орналасады.

73. Сүңгуірлер старты қатаң жеке дара. Жаттығуды орындауға әзірлік кезінде қатысушы қолын жоғары көтеріп сигнал береді және "Дайынмын!" деп дауыстап айтады.

Старт старттық тумбочкадан секірумен басталады. Сүңгу процесінде қатысушы барлық уақытта су астында болады. Су бетінде денесінің кез келген бөлігі көрінген жағдайда

жаттығу тоқтатылады. Қатысушының нәтижесі оның басы су бетінде көрінген кезде айқындалады.

Қатысушы алға қолымен есу және аяғын серпе итерумен жылжиды. Жаттығуды орындаған кезде бағыттаушы бау жіптен ұстап алға жылжуға жол берілмейді.

74. Егер жарыстар 25 метрлік бассейнде өткізілсе, онда жаттығу сөре қабырғасынан басталады. 25 метр сүңгігеннен кейін су астында бұрылу жасалады және қатысушы қабырғадан серпе итеріліп, қашықтықтың қалған метрлерін сүңгіп өтеді. Қатысушы бұрылу кезінде бұрылу қалқанына денесінің кез келген бөлігімен жанасады.

Бассейн жиегінде 3 белгі болады: 30, 40 және 50 метр, оларды төреші-бақылаушы нәтижесін анықтаған кезде басшылыққа алады. Ашық су қоймасында бұрылу қалқаны ақ түске боялады.

Су тұнықтығы айқын болатын бассейндердің түбіне сүңгу басталатын орыннан 30, 40 метр қашықтықта 2 көлденең сызық жасалады. Сызықтың ұзындығы – 1 метр, ені – 10 сантиметр.

Бассейн түбіндегі және бағыттаушы бау жіптегі белгілерді жарысқа қатысушылар аралықты бақылау үшін қолданады.

#### **11-тарау. Кедергілер жолағынан өту**

75. Кедергілер жолағындағы жарыстар әскери үшсайыс – 1, әскери үшсайыс – 2, әскери төртсайыс, әскери бессайыс – 2 бағдарламасына енгізіледі, сондай-ақ жеке спорт түрі ретінде өткізіледі.

Кедергілер жолағын жабдықтау және жаттығуларды орындау тәртібі "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене шынықтыру дайындығы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 438 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15729 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

76. 400 метр жүгірумен бірыңғай кедергілер жолағында жалпыға бірдей бақылау жаттығулары бойынша жарыстар мынадай кезектілікпен жүргізіледі:

1) 200 метрге жүгіру;

2) кедергілер жолағынан өту және 200 метрге жүгіру (граната лақтыруға болмайды).

77. Кедергілерден өту бойынша жарыстарда тек жұппен старт қолданылады. Төреші-старт берушінің "Стартқа!" командасы бойынша кезекті жүгірулерге қатысушылар осы жаттығудың шарттарына сәйкес бастапқы қалыпты қабылдайды. "Марш!" командасы старт тапаншасынан атумен немесе дауыстап айтумен жүргізіледі және жалауша тез түсіріледі. Старт берушінің сигналына дейін жаттығуды бірінші болып бастаған қатысушы дұрыс старт жасамаған (фальстарт) болып есептеледі. Бұл жағдайда жүгіруге қатысушылар қайтадан атумен немесе "Артқа!" командасымен қайтарылады. Старт беруші старт шарттарын бұзған қатысушыға ескерту жасайды. Ескерту алған қатысушы оған жасалған ескертуді естігенін білдіру үшін қолын жоғары көтереді.

Ескерту алған және старт қағидаларын қайта бұзған қатысушы жарыстан алынады.

78. Қатысушыларға тек өз жолағы немесе кедергілер жолағының учаскесі (бағыты) бойынша жүгіруге рұқсат етіледі. Бұзғаны үшін қатысушы жарыстан алынады. Егер қатысушы кез келген бөтен жолақтан (жолақ учаскесінен) жүгіріп өтсе және бұл ретте басқа қатысушыға, соңғысына кедергі жасаса, бас төрешінің рұқсатымен сол күні екінші стартқа рұқсат беріледі. Бұл жағдайда қатысушыға ол көрсеткен 2 нәтиженің жақсысы есептеледі.

79. Кедергілерден өту тәсілдерін, егер оларды орындау жаттығу сипаттамасында жазылмаса, кез келген тәсілмен жүзеге асыруға жол беріледі. Әрбір кедергіден өту үшін

қатысушыға 3 рет мүмкіндік беріледі. Кедергілерден өту қағидаларын бұзған жағдайда қатысушы жарыстардан алынады.

80. Жарыстарды өткізген кезде қатысушының алдыңғы қатарда болуына (алдында немесе жанында бірге жүру) және оған кез келген көмек көрсетуге жол берілмейді. Бұл қағиданы бұзған кезде қатысушы жарыстан алынады.

81. Әрбір қатысушының уақыты 0,1 секундқа дейінгі дәлдікпен жеке секунд өлшеуіш бойынша тіркеледі. Жеке біріншілік әрбір қатысушының нәтижелері бойынша айқындалады. Екі және одан көп қатысушыда нәтиже тең болған кезде оларға бірдей орын беріледі. Кейінгі орындар бұл ретте жылжымайды.

#### **12-тарау. Табельдік қарудан ату**

82. Штаттық қарудан әскери-спорттық атыс бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ қарумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жол берілмейді:

1) қаруды ашық (тысы жоқ) күйде ұстауға;

2) атыс орындарында, тирде (атыс шебінен тыс) оқ атуға дайындалуға және қандай да бір нысананы көздеуге, оқталған қаруды, шүріппесі қайырылған тапаншаны ұстауға, өз қаруын қараусыз қалдыруға және біреудікін рұқсатсыз алуға;

3) атыс шебінде команда берілмей оқтауға және атуға, ақаулы қарудан оқ атуға, қару ұңғысын атыс бағытынан тыс жерге бағыттауға (жоғары-төмен – 450 дейін жол беріледі), нысаналар жолағында немесе атыс аймағында адам болған кезде сериялар арасындағы үзілісте қаруға тиісуге, "Оғын ал!" командасынан кейін оқталған және шүріппесі қайырылған қаруды ұстап жүруге;

4) қару конструкциясына қандай да бір өзгерістер енгізуге, оның ішінде көздеу айла-бұйымдарының пішіні мен өлшемдерін, ағытқыш ілмекті, соққы беру-ағытқыш механизмінің, саптың бөлшектерін өзгертуге жол берілмейді.

5) Макаров тапаншасы, Калашников автоматы үшін шүріппе ағытқышын тарту кемінде 2 килограмм, Мерген винтовкасы үшін кемінде 1,5 килограмм.

Базасында жарыс өткізілетін спорт клубы, немесе спорт мекемесі қатысушыларды қатаң түрде бір номенклатураның оқ-дәрілерімен қамтамасыз етеді. Қатысушылардың өз оқ-дәрілерін әкелуіне және пайдалануына жол берілмейді.

#### **1-параграф. Макаров тапаншасынан оқ ату**

83. Макаров жүйесінің тапаншасынан оқ ату, 1-жаттығу (МТ-1), 3-жаттығу (МТ-3). Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

Жаттығуларды орындау кезінде қатысушылар бөгде заттарға тірелмей оларға бөлінген учаскелерде (оқ ату бекіністерінде) тұрады. Бұл ретте тапанша ұсталады және одан атулар тек бір қолмен жүргізіледі.

Ауысымды жаттығуларды орындауға даярлауға оқ ату бекіністеріне орналасқаннан кейін 3 минут беріледі.

Қатысушыларға қол білегін бекіту үшін қолда қандай да бір таңғыштың (бастырманың) болуына, сондай-ақ екі қолмен оқ атуға рұқсат етілмейді.

84. МТ-1 жаттығуында қатысушыларға 3 сынақ, 10 есепке алынатын ату беріледі. Сынақ атуларға берілетін уақыт – 3 минут, есепке алынатын топтамаға – әр топтамаға 4 минут (5 атудан 2 топтама). 10 ату жаңа нысана бойынша орындалады. № 4 нысана – шеңберлер сызылған кеуде пішіні. Арақашықтығы – 25 метр.

85. МТ-3 жаттығуында қатысушыларға 5 сынақ, 30 есепке алынатын ату беріледі. Сынақ атуларға берілетін уақыт – 5 минут. Есепке алынатын оқ ату – 5 атудан 6 топтама, оқ атуға

берілетін уақыт – әр топтамаға 4 минут (не 10 атудан 3 топтама – әр топтамаға 8 минут). Өңірлік қолбасшылықтан төмен және офицерлік үшсайыстан жарыстарда нысаналарды ауыстыру 10 атудан кейін жүргізіледі. № 4 нысана – шеңберлер сызылған кеуде пішіні. Арақашықтығы – 25 метр.

Жаттығуларды орындау кезінде әрбір топтама үшін тапаншаның оқжатары 5 патронмен оқталады. Оптикалық қадағалау аспаптары болмаған кезде сынақ және әрбір есепке алынатын топтамадан кейін МТ-1 және МТ-3 жаттығуларында аға төрешінің командасы бойынша оқ ату сызығындағы ауысым қарап тексеру үшін нысаналарға жақындатылады.

## **2-параграф. Автоматтан және винтовкадан оқ ату**

86. Калашников автоматынан (Калашников автоматы (КА-74), жаңартылған Калашников автоматы (ЖКА) және олардың модификациялары) оқ ату, 1-жаттығу (КА-1), 2-жаттығу (КА-2), 3-жаттығу (КА-3). Драгунов мерген винтовкасынан (бұдан әрі – ДМВ) оқ ату, 1-жаттығу (МВ-1) және 2-жаттығу (МВ-2). Киім нысаны – әскери далалық стильде, немесе әскери далалық.

Әрбір қалыптан оқ атуға дайындалу үшін 3 минут беріледі.

Автоматтан оқ ату кезінде белдікті қарудан шешпей пайдалануға жол беріледі, винтовкадан оқ ату кезінде белдікті пайдалануға рұқсат етілмейді.

87. Оқ ату жеке атулармен жүргізіледі. Әрбір қатысушыға 2 оқжатар (3 және 10 патрон) оқталатын 13 патроннан беріледі. КА-1 (КА-3, МВ-1, МВ-2) жаттығуы орындалады, сынақ топтама – 3 ату, уақыты – 2-3 минут. Жатып есепке алынатын топтама (10 ату) жаңа нысана бойынша орындалады. КА-3 жаттығуында тізені бүгіп және тұрып оқ ату жатқан қалпында оқ атуға ұқсас жарыстың шарттарымен бөлінген уақытта орындалады. Тізені бүгіп оқ ату кезінде диаметрі 180 миллиметрден аспайтын 1 білікшені – тізеасты қорғанышты, ал тұрып оқ ату кезінде – сол жақ (оң жақ) қолдың шынтағы үшін оны белдік бойынша жылжытып, бірақ бұрмай оқжатар сөмкесін (тірек ретінде) пайдалануға рұқсат етіледі. Кеуде қуысы тұсында шағын сөмкесі бар белдікті пайдалануға рұқсат етілмейді.

88. КА-2 оқ атуы автоматтан 200 метрге кезекпен № 7 нысана бойынша (белдеулік фигура) тіреусіз үш қалыптан (жатып, тізені бүгіп, тұрып), әрбір қалыпта 10 есепке алынатын ату орындалады. Оқ атуды орындау алдында 30 секунд ішінде нысаналардың орналасуы көрсетіледі, одан кейін нысаналар алынады және 30 секундтан кейін жатқан қалпында оқ атуды орындау үшін 15 секундқа көрінеді.

Тізені бүгіп және тұрған қалпында оқ атуды орындау алдында нысаналарды алдын ала көрсетпей дайындыққа 1 минут беріледі. Тізені бүгіп оқ атуды орындау үшін уақыт – 20 секунд, тұрып – 25 секунд, оқ ату 2-3 атудан кезекпен жүргізіледі. Тек соңғы патронмен жеке атуға жол беріледі. Егер қатысушы топтаманың басында немесе ортасында жеке атулар жасаса, онда оған жеке атулар санына тең ойықтар санымен айып салынады.

Жаттығуды орындау кезінде қатысушы қарумен барлық іс-қимылдарды дербес орындайды. Кідірістер мен ақаулықтарды жою үшін төрешінің рұқсатымен қару шеберінің көмегін пайдалануға жол беріледі. Жаттығуды орындаудың басталуына кешіккен қатысушы оқ атуға жіберілмейді. Қатысушыларға қайта өтінім жасауға және оларды жеке-командалық жарыстарда ауыстыруға оқ ату басталғанға дейін 1 сағат бұрын жол беріледі.

Жарыстарда барлық атулар олар қатысушының қалауы бойынша немесе кездейсоқ жүргізілетініне қарамастан есепке алынады. Оқ ату шебінен тыс атқаны үшін қатысушы жарыстарға қатысудан шеттетіледі. Артық атқаны үшін қатысушыдан бұзушылық анықталған барлық қалыптың нәтижесі алынады.

Оқ атуға арналған нысаналар көрінген сәтке дейін атуды орындаған қатысушыдан жүргізілген атулар саны бойынша ойықтар алынады. "Тоқта!" деген командадан кейін атқаны үшін қатысушы жарыстардан шығарылады.

Нысанасына қате ату жүргізілген қатысушыға оның нысанасында ойықтар саны рұқсат етілгеннен көп болған жағдайда қайта атуға рұқсат етіледі (жатқан қалпында – 10 ойық, тізені бүгіп – 5 ойық, тұрған қалпында – 5 ойық).

Барлық 3 қалыпта бірдей нәтиже көрсеткен қатысушылар мен жүлдегерлер қайта атуды жүргізеді.

Қатысушыларға байланысты емес себептер бойынша оқ атуды тоқтатқан кезде оларға кідіріс болған қалыптан жаттығуды қайта орындау құқығы беріледі. Қатысушының кінәсі бойынша оқ атудағы үзілістер есептелмейді және оқ атуға қосымша уақыт берілмейді.

89. Жарыстарға әрбір қатысушының оқ атуының нәтижелері есепке алынатын топтамалар нысаналарындағы атылған ұпайлар жиынтығы бойынша немесе есепке алынатын нысаналардағы ойықтар жиынтығы бойынша айқындалады. Егер ойық фигураның алаңында болса немесе оның шетінің ең болмаса бір бөлігін жапса, белге дейінгі кеуде пішіні бар нысанаға тигізу есепке алынады. Габариттік шеңберлері бар нысанадағы ойық оның жанында болатын габаритті бұзған деп саналады және егер ол габариттік сызықтың сыртқы жағын тигізсе де, көп жағына есептеледі. Даулы ойықты бағалау оған шеңберлер салынған мөлдір материалдан жасалған қалыптың көмегімен жүргізіледі. Сыртқы шеңбері қару калибріне тең, ішкі – бақылау (орталықтандыру үшін). Қару калибріне тең қалыптың көлемі автомат және мерген винтовкасы үшін – 7,62 миллиметрді, тапанша үшін – 9,00 миллиметрді құрайды. Өлшеу аспаптары болмаған кезде габариттің контурлық сызығының ойықпен немесе габарит сызығының сыртқы жағында оқтың айқын көрінетін ізінің болуымен үзілуі оны бұзу болып саналады. Габарит сызығының ойықтан шығатын радиалды сәулеленумен үзілуі назарға алынбайды. Нысананы ашып қараған сәтте оған тиген оқтан сопақ ойық, егер автоматтан, винтовкадан және тапаншадан оқ атқан кезде оқ ойығының ұзындығы 12 миллиметрден аспайтын болса, есепке алынады. Бірлескен ойықты ("оққа оқ" тигізу) кемінде екі төреші айқындайды және куәландырады.

Нысаналардағы ойықтардың бар болуын және сәйкес келуін кемінде екі төреші айқындайды. Ойықтардың сәйкес келуін бағалауда төрешілер алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және наразылық білдіруге жатпайды.

Габариттік шеңберлері бар нысаналар бойынша орындалатын жаттығулардағы жеке біріншілік шығарылған ұпайлардың анағұрлым көп сомасы бойынша, ал олар тең болған кезде:

1) он атудан соңғы, соңғының алдындағы топтамадағы ұпайлардың анағұрлым көп саны бойынша;

2) "ондықтардың", одан кейін "тоғыздықтардың", "сегіздіктердің", "жетіліктердің", "алтылықтардың", "бестіктердің", "төрттіктердің", "үштіктердің", "екіліктердің" көп саны бойынша;

3) тұрған қалпында, одан кейін тізені бүгіп, жатқан қалпында атылған ұпайлардың көп саны бойынша;

4) соңғы, соңғының алдындағы және т.б. нысанадағы нашар ойықтың ортасынан анағұрлым аз қашықтық бойынша айқындалады.

Егер артықшылық анықталмаса, бірдей орындар беріледі.

Габариттік шеңберлері жоқ нысаналар бойынша орындалатын жаттығулардағы жеке біріншілік есепке алынатын нысаналарға тигізудің анағұрлым көп сомасы бойынша, ал олар тең болған кезде – тұрған қалпында, одан кейін тізені бүгіп және жатқан қалпында ең үздік

оқ ату бойынша айқындалады. Егер артықшылық анықталмаса, жүлделі орындар үшін қайта оқ ату белгіленеді.

Қайта оқ ату тұрған қалпында, бірақ 2 реттен аспай жүргізіледі.

### **13-тарау. Арнайы снарядтардағы жарыстар**

90. Жарыстар стандартты снарядтарда: лопингте, стационарлық дөңгелекте, гимнастикалық дөңгелекте өткізіледі.

91. Лопингте жарыстар 2 жаттығу бойынша өткізіледі.

Бірінші жаттығуда – "Айналу бағытын ауыстырумен айналымдар (4×5)" – әр топтамадан кейін айналу бағытын ауыстырумен 5 айналымнан 4 топтама орындалады. Жаттығуды бағалау айналымдардың төрт топтамасына жұмсалған жалпы уақыт бойынша жүргізіледі. Жаттығуды орындау уақытында шайқалулар саны шектеусіз. Бірінші 5 айналымда айналу бағытын қатысушы айқындайды. Қатысушы жоғарғы тік қалыптан өткен сәтте жаттығу басталады және аяқталады. Топтамалардағы айналымдарды есептеуді төреші дауыстап жүргізеді. Қатысушы топтамада 5-тен аз айналымды орындағаны туралы ескертіледі. Бұл жағдайда ол айналымдар топтамасын аяқтайды. Егер жаттығуды орындауға 90 секундтан артық уақыт жұмсалса, ол есепке алынбайды.

Екінші жаттығуда – "360° бұрылумен айналымдар" – бір бағытта 360° бұрылумен айналымдардың еркін саны орындалады. Нәтиже 5 айналымға жұмсалған уақыт бойынша айқындалады. Әрбір бұрылыстан кейін төреші есеп айтады. Егер бұрылыс бір айналым процесінде аяқталса, ол орындалған болып саналады. Жаттығу қатысушы жоғарғы тік қалыптан өткен сәтте басталады және 5-ші бұрылысты аяқтаған кезде аяқталады. Егер жаттығуды орындауға 90 секундтан артық уақыт жұмсалса, ол есепке алынбайды.

92. Стационарлық дөңгелектегі жаттығу (2×10) сол жаққа 10 айналымды және оң жаққа 10 айналымды қамтиды.

Қатысушының дайын болуына қарай аға төреші "Жаттығуды бас – та!" деген командамен жаттығуды орындауға өкім береді, одан кейін қатысушы қозғалмайтын қалыпта толық 10 айналымды бір жаққа, содан кейін дәл сондай айналымды екінші жаққа жасайды. Жаттығуды орындау уақыты секунд өлшеуіш бойынша айқындалады. Қатысушы басымен жоғары тік қалыптан өткен сәтте жиырмасыншы айналымда жаттығу аяқталады. Жаттығуды орындау уақытында төреші айналымдар есебін жүргізеді. Бірінші 10 айналымнан кейін есеп секунд өлшеуіш өшірілмей тоқтатылады, ал артық орындалған айналымдар есепке алынбайды. Есеп айналымдар бағытын өзгерткеннен кейін ғана қайта басталады. Егер топтаманың біреуінде 10-нан аз айналым орындалса, жаттығу есепке алынбайды.

93. Гимнастикалық дөңгелектегі жаттығу әртүрлі жиынтықта шиыршықтардың мынадай 3 топтамасын қамтиды:

3-ші спорттық разряд үшін – бір жаққа 10 алдыңғы шиыршықтан 3 топтама (қатысушының таңдауы бойынша), толық және қатесіз орындалған жаттығу 28 балға бағаланады;

2-ші спорттық разряд үшін – 10 алдыңғы шиыршықтан 3 топтама, топтамалардың біреуін – қарама-қарсы жаққа, толық және қатесіз орындалған жаттығу 30 балға бағаланады;

1-ші спорттық разряд үшін – еркін жүйелілікте 10 алдыңғы оң, 10 алдыңғы сол және 10 артқы шиыршықтан, толық және қатесіз орындалған жаттығу 32 балға бағаланады.

94. Гимнастикалық дөңгелектегі жаттығуға қойылатын техникалық талаптар:

1) жаттығуды "2 тұтқадан ұстап, гимнастикалық дөңгелекте тұру" бастапқы қалпынан төрешінің "Жаттығуды бас – та!" командасы бойынша бастау;

2) шиыршықтардың 3 топтамасын орындау, әрқайсысында – 10-нан. Шиыршықтар топтамасын 2 кұрсауға шығумен аяқтау (10 секундтан демалуға, топтамалар арасында

тоқтаған уақытта дөңгелектен шығуға, тұтқаны жіберуге, дөңгелекті толық бұруға жол беріледі);

3) төреші шиыршықтар топтамалары арасында 10 секундтық демалыс аяқталғанға дейін 5 секунд бұрын қатысушыға "5, 4, 3, 2, 1 секунд қалды!" деп ескертеді;

4) шиыршықты аяқтар төменгі қалыпта өткен сәтте бастау және аяқтау қажет (1-іншіден 10-ыншыға дейін шиыршықтар есебін аға төреші жүргізеді);

5) жаттығуды 8x8 метр ауданмен сызылған көлемі 5x5 метр алаңда орындау қажет.

95. Гимнастикалық дөңгелекте жаттығуды орындауға қойылатын талаптарды бұзғаны үшін балдарды алу:

1) шиыршықтар арасында демалу – 10 секундтан артық, әрбір артық секунд үшін – 0,1 балл;

2) шиыршыққа енгізуге қосымша әрекет ету – 0,5 балл;

3) дөңгелекті 2 айналымға көтермеу – 0,5 балл;

4) 5x5 метр алаңнан тыс жерге шығу – 0,5 балл;

5) қолмен (қолдармен) дөңгелекпен байланысты жоғалту – 0,5 балл;

6) аяқпен (аяқтармен) дөңгелекпен байланысты жоғалту – 0,5 балл;

7) шиыршықтарды орындамау немесе артық орындау – 0,5 балл;

8) дөңгелекті құлату – 1,0 балл;

9) 8x8 метр алаңнан тыс жерге шыққан кезде жаттығу есепке алынбайды.

#### **14-тарау Армиялық жекпе-жек ұрыс**

96. Жарыстар олимпиадалық жүйе бойынша, айналма жүйе бойынша (бетпе бет) өткізілуі мүмкін.

97. Олимпиадалық жүйе бойынша қатысушы бірінші жеңілістен кейін өнер көрсетуді аяқтайды. Бұл жүйе бойынша жеке, сондай-ақ жеке-командалық жарыстар өткізіледі. Әрбір қатысушының реттік нөмірі жеребе бойынша айқындалады. Жеке біріншілікте 1-ші, 2-ші және екі 3-ші орын ойнатылады.

98. Айналма жүйе бойынша (бетпе бет) жарысқа қатысушылар командалық өнер көрсетулерін егер команданың жеңілістері жеңістерінен басым болса аяқтайды.

99. Жарыстарға қатысуға жаттықтырушы (команда өкілі) мәлімдеген және жарыстар басталғанға дейін 14 күн бұрын медициналық тексеруден өткен адамдар жіберіледі;

100. Жарыстарға қатысушылар мынадай салмақ санаттарына бөлінеді: 55 килограмға дейін, 60-қа дейін, 65-ке дейін, 70-ке дейін, 75-ке дейін, 80-ге дейін, 85-ке дейін, 90-ға дейін және 90-нан астам.

Ескертпе: салмақ санаттары Жарыс туралы ережемен анықталады.

101. Қатысушыларды өлшеу:

1) қатысушыларды өлшеу жарыстар басталғанға дейін бір күн бұрын жүргізіледі және жеребе басталғанға дейін кемінде 1 сағат бұрын аяқталады. Бір салмақ санатындағы жарыстарға қатысушылар бір таразыда өлшенеді;

2) өлшену кезінде өлшеу нәтижелері өлшеу хаттамасына енгізіледі;

3) өлшенуге кешіккен қатысушы жарыстарға жіберілмейді;

4) өлшеуді комиссия жүргізеді, оған: бас төрешінің орынбасары, хатшы және дәрігер кіреді;

5) жеке және командалық есеппен жеке жарыстарда қатысушы өлшену кезінде белгіленген салмақ санатында ғана өнер көрсетуі тиіс;

6) әрбір сайыскердің немесе команданың реттік нөмірі жеребе бойынша тікелей өлшену аяқталғаннан кейін айқындалады. Жеребе тастау өлшену процесінде жүргізілуі мүмкін. Электрондық жеребе тастауға жол беріледі.

102. Шақыру бойынша кешіккені үшін немесе сайыс алдында жабдық бойынша ескертулерді жойған кезде спортшыға:

- 1) 1 минутқа дейін – ескерту;
- 2) 1-ден 1.30 минутқа дейін – 1-ші ескерту – қарсыласқа 1 балл;
- 3) 1.30-дан 2 минутқа дейін – 2-ші ескерту – қарсыласқа 2 балл;
- 4) 2 минуттан артық – жеңіліс, ал оның қарсыласына – айқын басымдылықпен жеңіс жарияланады.

103. Қатысушыларға:

- 1) өз командасының өкілі арқылы төрешілер алқасына өтініш жасауға;
- 2) өкіл болмаған кезде жеке жарыстарда тікелей төрешілер алқасына өтініш жасауға;
- 3) өлшену басталғанға дейін 1 сағат бұрын ресми өлшену таразысында өз салмағына бақылау жүргізуге;

4) жарақат алған немесе сайысты жалғастырудан бас тартқан кезде, сондай-ақ қорғаныс құралдарын ретке келтіру қажет болған кезде қолды көтерумен шартты сигнал беруге рұқсат етіледі.

104. Қатысушылардың жабдығы – бүркеніш түсті далалық күртеше мен тік пішілген шалбар (бар болған жағдайда – белгіленген түсте күртеше "Multicam").

Қатысушының арқасына (броньды кеудешеге) спортшының шығатын командасының атауы, қатысушының аты-жөні түсіріледі. Киім үлгісі барлық команда үшін біркелкі.

105. Спортшылардың қорғаныс киім-кешегі:

- 1) металл торы бар дулыға (қызыл немесе көк);
- 2) пластикалық торы бар дулыға (жасөспірімдер үшін) (қызыл немесе көк);
- 3) броньды кеудеше (пластиналарсыз);
- 4) қалқан;
- 5) жекпе-жек ұрыстың қолғабы (қызыл немесе көк) – 75 килограмға дейін 10 унция, 75 килограмнан жоғары 12 унция;
- 6) балтырға кигізілетін жапсырмалар;
- 7) күрес аяқ киімі – тобықты және табанды қорғайтын фугтар.

дулығаның және краг-қолғабының түсі ол жекпе-жекке шақырылатын спортшының бұрышына сәйкес болуы тиіс.

Қорғаныс керек-жарағы, қорғаныш броньды кеудешеден басқа, балтырға кигізілетін жапсырмалар, қалқандар – тек киім астынан кигізіледі.

106. Жекпе-жектер саны:

1) әрбір қатысушыға күні бойғы жекпе-жек саны Жарыстар туралы ережемен айқындалады (бірақ күніне 4-еуден артық емес);

2) әрбір жекпе-жек алдында қатысушы кемінде 30 минут демалуы тиіс;

Жекпе-жектің басталуы және аяқталуы:

1) күрес басталар алдында қатысушылар алаңда белгіленген бастапқы бекініс сызықтарға тұрады. Кілемдегі төреші төрешілер сызығына тұрады. Қызыл белбеуі бар спортшы кілемдегі төрешінің оң жағына, көк белбеуі бар спортшы сол жағына тұрады.

2) жекпе-жек басталар алдында қатысушылар қарсыласымен сәлемдеседі, ал аяқталғаннан кейін қол алысады;

3) жекпе-жек кілемдегі төрешінің "ысқырығы бойынша" командасымен басталады және "ысқырығы бойынша" командасымен аяқталады;

4) жекпе-жектен кейін күрес нәтижесі жарияланғанға дейін қатысушылар дулығаларын шешеді.

107. Күрестің ұзақтығы:



1) жекпе-жек – 5 минутқа (жасөспірімдер үшін – 3 минутқа) созылады;

2) уақыт өткен соң күрес күрескерлердің қалпына қарамастан тоқтатылады. Күрестің аяқталғаны туралы сигнал мен кілмедегі төрешінің командасы арасындағы кезеңдегі техникалық іс-қимылдар есептеледі, ал бұзушылықтар есепке алынады;

3) күресушінің қорғаныс құралдарында бұзушылықтар анықталған жағдайда кемшіліктерді жою үшін жекпе-жек тоқтатылады (секунданттың көмегіне жол беріледі);

4) киім-кешек пен қорғаныс құралдарын қалыпқа келтіру үшін күресті өз бетінше тоқтатуға, сондай-ақ алаңнан кілмедегі төрешінің рұқсатынсыз шығуға жол берілмейді.

108. Техникалық іс-қимылдарға: қолымен, шынтағымен, тізесімен, аяғымен соққы берулер, лақтырулар, ауырту және тұншықтыру тәсілдері жатады.

Соққы беру аймақтары: бас, кеуде, іш, дененің бүйір бөліктері, аяқ.

109. Күресу кезіндегі тыйым салынған тәсілдер мен іс-қимылдар:

1) саусақпен көзге соққы беру;

2) мойынға, омыртқаға, қол буынына, аяқтың басына ауырту тәсілдерін қолдану;

3) жатқан қарсыласының үстіне аяқпен секіру;

4) қуық тұсына, мойынға, қарақұсқа, арқаға және омыртқаға соққы беру;

5) дулығасынан немесе дулыға-маскасының бетпердесінен ұстау;

6) "ТОҚТА" (ысқырық) командасынан кейін соққы беру және шабуылдау іс-қимылдарын жасау;

7) ұрыс уақытында алаңнан тысқары қасақана шығу;

8) тәртіпті бұзу, өз қарсыласына, жарыстарға қатысушыларға, төрешілерге немесе көрермендерге қатысты өрескел, әдепсіз мінез-құлық таныту;

9) команда өкілдерінің төрешілердің, медициналық персоналдың немесе жарысты ұйымдастырушылардың жұмысына өрескел араласқаны үшін күрескерге ескерту беріледі.

110. Күрескер күрестен немесе жарыстан шығарылады (жарыстан шеттетеді):

1) жауынгерді күрестен шығаратын жарақат берген кезде;

2) қарсыласты жарыстан шығаратын жарақат берген кезде;

3) этиканы өрескел бұзған кезде;

4) марапаттау рәсіміне қатысудан бас тартқан кезде.

Жарыстан шеттетеді күрескерге жарыстарда орын анықталмайтынын білдіреді.

111. Нақты басымдық беру, төрешілердің спортшылардың жарақаттауға әкеп соқтыратын іс-қимылдарын бағалау, ұпайларды есептеу тәртібі және жекпе-жек нәтижелерін айқындау шарттары осы Қағидаларға 4-қосымшада ұсынылған.

112. Қарсылық білдіруге тек жекпе-жекке қызмет көрсеткен секундант құқылы. Қарсылықты секундант ұрыс кезінде ғана береді, яғни әрбір сәт бойынша төрешілер шешімімен келіспеген кезде "Челендж" (қызыл және көк кубик) лақтырумен. Қарсылықты қарастыру кезінде төрешілерге бейнежазба ұсынылады, онда күрескерлердің барлық әрекеттері мен жекпе-жекке қызмет көрсеткен барлық төрешілердің қимылдары анық көрінеді. Қарсылықты шешуді осы жекпе-жекке қызмет көрсеткен төрешілер бас төрешінің қатысуымен қарастырады, егер қарсылық негізделмеген болса, қарсылық берілген бұрыштағы қатысушының қарсыласына 1 балл есептеледі.

113. Командалық есептеулермен жеке жарыстарда орындар команданың есепке алынған құрамына кіретін қатысушылардың жеке нәтижелеріне байланысты айқындалады. Қатысушылардың есепке алынатын саны Жарыс туралы ережемен айқындалады.

Командалық есептеу жеке жарыстар үшін қабылданған жүйелердің біреуі бойынша жүргізіледі және Жарыс туралы ережемен айқындалады

## **15-тарау. ПАРАШЮТТИК ҚОССАЙЫС**

### **1. Жарыс бағдарлама түрінде өткізіледі:**

1.1. 1 жаттығу: Ан-12, Ан-22 немесе Ил-76 ұшақтарынан 800 – 1000 м биіктіктен 3 с құлауды тұрақтандыра отырып, парашютпен секіру; 1 км қашықтыққа қару-жарақпен және парашютпен (негізгі және қосалқы) маршпен өту(жүріп өту).

1.2. 2 жаттығу: Ан-2 ұшағынан қару-жарақпен және парашютпен (негізгі және қосалқы) қонатын алаң деңгейінен 800 – 900 м биіктікте парашютті ашуды қамтамасыз ететіндей биіктіктен парашютпен 15 с құлауды тұрақтандыра отырып секіру.

1.3. 3 жаттығу (ӨӘК және ӘҚК ұшу құрамы үшін): ұшақтың (тікұшақтың) ұшу жылдамдығы сағатына кемінде 100 км болғанда 800 м биіктіктен парашютпен секіру; қару-жарақпен, парашютпен (негізгі және қосалқы) және АЖҚ (алып жүретін авариялық қормен) 1 км-ге маршпен өту(жүріп өту).

### **2. Жарыстарды өткізу шарттары.**

2.1. Жаттығулар жарыс ережелеріне сәйкес сериялық парашюттерде орындалады.

2.2. Жарысқа қатысушыларды десанттау жүргізіледі:

а) 1 жаттығуда – алаң бойындағы қалау жаймаларынан салынған сөре сызығына;

б) 2 және 3 жаттығуларда – мәреден 1 км қашықтықта орналасқан старттық құрама пунктiнiң ауданына.

2.3. Жарыстарға қатысу үшін мынадай киім нысаны белгіленеді: комбинезон, дулыға, етік (бөтеңке), автомат (тапанша), дүкені бар сөмке және найза-пышақ.

2.4. Әр қатысушының сол аяғының алдыңғы жағындағы тізеден жоғары бекітілген мөлшері 30x20 см нөмірі болуы керек.

2.5. Ұшақ тобының ішінде секірудің кезектілігін топ жетекшісі парашютшінің массасына байланысты белгілейді.

2.6. Секіруге желдің жылдамдығы жерге жақын кезінде және биіктіктер бойынша белгіленген нормалар шегінде рұқсат етіледі. Егер олар метеопосттан асып кетсе, бұл туралы секіру жетекшісіне және жарыстың бас төрешісіне дереу хабарлау керек.

2.7. Парашютшілерді лақтырудың дәлдігіне секіру жетекшісі, қону алаңындағы штурман және ұшақ экипажының командирі жауапты болады.

2.8. Жарыс кезінде 1 жаттығуда желдің бағыты өзгерген жағдайда спортшыларды десанттау тоқтатылады. Жарыс штурманның қону алаңында ұшақтың кіру курсының жаңа есептерін шығарғаннан кейін немесе жел бұрынғы бағытқа оралғаннан кейін қайта басталады.

### **3. Жаттығуларды орындау тәртібі.**

3.1. Қатысушыларды ұшақтан бөлу ұшақ штурманының командасы (сигналы) бойынша жүргізілуі тиіс.

3.2. Жаттығуларды орындау уақыты спортшылардың ұшақтан бөлінген сәтінен бастап және олар мәреге келгенге дейін анықталады.

3.3. 2-ші және 3 – ші жаттығуларда әр спортшының бөліну уақыты жазылады, 1-ші жаттығуда-сериядағы алғашқы спортшы, бұл сериядағы барлық спортшылар үшін бастапқы болып табылады.

3.4. Бір рет кіретін парашютшілер сериясы: 1 жаттығуда – 60 адамға дейін, 2 және 3 жаттығуда-5-10 адамнан.

3.5. 1 жаттығуда мәренің бірнеше пункті белгіленеді, бірақ қону алаңының 1 км ұзындығына төрттен аспайды.

3.6. Аяқтау нүктелері орналасуы мүмкін:

А) I нұсқа-сөре сызығына параллель, оның оң және сол жағында 1 км қашықтықта;

б) II нұсқа-сөре сызығының өзінде. Бұл жағдайда старт сызығының оң және сол жағында оған параллель 500 м қашықтықта бұрылыс пункттері жабдықталады.

3.7. 2 және 3 жаттығуларда бір бастапқы жинау пункті және бір мәре пункті орнатылады.

3.8. Парашюттерді қонғаннан және жылжымалы сөмкелерге жинағаннан кейін 1 жаттығуды орындайтын қатысушылар келесі әрекеттерді орындайды:

А) I нұсқада – ең жақын мәре нүктесіне жүріп өтеді;

б) II нұсқа кезінде – ең жақын бұрылыс пунктіне жүріп өтіп, онда судьяға белгіленеді де сонан соң старт сызығына - ең жақын мәре пунктіне қайтады.

3.9. Екінші және үшінші жаттығуларды орындау кезінде қатысушылар жерге қонғаннан және парашюттерді жылжымалы сөмкелерге жинағаннан кейін бастапқы жинау пунктіне келеді, төрешіде белгіленеді және мәреге жүгіреді.

3.10. Қатысушылардың ауада және жерде бағдарлай алуы үшін Аяқтау нүктелері мен бұрылыс нүктелері жақсы белгіленуі керек.

3.11. 1 жаттығуды орындау кезіндегі жерге қону сәтінде бас судьяның немесе оның орынбасарының шешімі бойынша қатысушыларға сигналдық зымырандардың немесе басқа құралдардың көмегімен қозғалыс бағыттары (старт сызығынан оңға немесе солға) берілуі мүмкін.

3.12. Барлық спортшылар мәреге өздерінің парашюттері бүктеліп салынған алып жүретін сөмкелерімен, қару-жарақпен келеді. Жабдықтау заттары(жарақтары), қару-жарағы және парашюті жоғалған кезде спортшылардың жеткен(көрсеткен) нәтижесі жойылады.

3.13. Секіру нәтижесіне әсер еткен секундомердің, сақтандырғыш аспаптың жұмысындағы бұзушылықтар, киім-кешектің, жарақтың ақаулығы немесе парашюттің аспалы жүйесінің нашар қиыстырылуы қатысушыға қайта секіруге құқық бермейді.

3.14. Қажет болған жағдайда секірудің сәтті нәтижесін және жерге қону қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жарысқа қатысушы секіру нәтижесіне қарамастан, қосалқы парашютті пайдалануға міндетті.

#### **4. Нәтижелерді анықтау.**

4.1. Қатысушылардың уақыты 1 с дәлдікпен белгіленеді.

4.2. Жеңімпазды және одан кейінгі алған жеке орындарды анықтау көрсетілген нәтижелер бойынша жүргізіледі.

4.3. Егер екі немесе бірнеше қатысушы бірдей нәтиже көрсетсе, онда оларға бірдей орын беріледі. Сондай-ақ келесі орындар ауыспайды(кейінге сырғытылмайды).

## **16 тарау. ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН МАНЕВР ЖАСАУ, ЖҮК АВТОМОБИЛЬДЕ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН МАНЕВР ЖАСАУ.**

### **1. Жалпы ережелер.**

1.1. Жылдамдықпен маневр жасау бойынша жарыстар жылдың кез келген уақытында және кез келген ауа райында әскери автомобильдерде өткізіледі.

1.2. Жарыс жолында белгілі бір конфигурация мен өлшемдегі тоғыз фигура орнатылады. Жылдамдықпен маневр жасау бойынша кез-келген жарысқа міндетті түрде барлық фигуралар кіреді. Жаттығуларды таңдауды және олардың санын ұйымдастырушы жарыстардың ауқымына және қатысушылардың біліктілігіне қарай айқындайды.

1.3. Бірнеше қатысушының бір автомобильде сөйлеуіне рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте әрбір қатысушы автомобильге өзінің бастапқы нөмірін қоюы тиіс.

1.4. Егер төрешілер алқасының немесе басқа қатысушының кінәсінен, сондай-ақ машинаның техникалық ақаулығынан жүргізуші жүргізуді жалғастыра алмаса, оған қайта старт беріледі немесе нәтижені анықтау кезінде амалсыз бос тұру уақыты алып тасталады.

1.5. Егер қатысушы машинаның техникалық ақаулығынан немесе басқа да себептерден жарысты жалғастыра алмаса, ол бұл туралы жақын арадағы судьяға баяндауы және оның нұсқауы бойынша машинаны трассада шығаруы тиіс.

1.6. Жарыс үшін жабдықталған трассада жаттығуға рұқсат етілмейді. Трассада орналасқан фигуралармен және жаттығулармен танысу жарыс басталар алдында төрешінің алып жүруімен қатысушыларды айналып өту жолымен жүргізіледі.

## **2. Тас жолға қойылатын талаптар.**

2.1. Жылдамдықпен маневр жасау трассасы ретінде қатты тегіс жабыны немесе тығыздалған топырағы бар кез келген көлденең алаңқай пайдаланылуы мүмкін.

2.2. Жарыстарды шөп жамылғысы бар алаңда немесе тығыздалған қарда өткізуге жол беріледі.

2.3. Жылдамдықты маневрлеу бойынша жарыстар өткізуге арналған алаң немесе жол учаскесі жаттығуларды орындау үшін жеткілікті қашықтықты сақтай отырып, барлық фигураларды орналастыруға мүмкіндік беретін өлшемдерге ие болуы тиіс.

2.4. Егер фигуралардың сипаттамасында басқа өлшемдер көрсетілмесе фигуралардағы шектегіштер жеңіл автомобильдер үшін 1 м - ден кейін және жүк көліктері үшін 1,5 - 2 м-ден кейін орнатылады.

2.5. Егер шектегіштердің биіктігі жаттығулар сипаттамасында көрсетілмесе, онда жеңіл автомобильдер үшін ол кемінде 1 м, ал жүк машиналары үшін – кемінде 1,5 м болуы тиіс.

2.6. Трассадағы фигуралардың орналасуын, сондай-ақ жаттығуларды орындау реттілігін жарысты ұйымдастырушы анықтайды және Ережеде көрсетіледі. "Тоқтату" жаттығуы соңғы болып орындалады.

2.7. Жарыс өткізу үшін айып шеңбері шамалап жарыс өтетін алаңның ортасында белгіленеді. Егер фигуралар бір қатарға орналастырылса, онда трассада былайырақ екі айып шеңбері белгіленеді.

2.8. Трассалардың болжамды схемалары № 1 қосымшада келтірілген.

2.9. Жеткілікті көлемдегі алаңдар болған кезде бірнеше параллель ұқсас трассалар белгіленіп орналастырылуы мүмкін.

## **3. Трассадағы бастау және қозғалыс тәртібі.**

3.1. Қатысушылар арасында автомобильдерді бөлу, стартқа шығу кезектілігі Ережемен анықталады.

3.2. Автомобиль тұрақ тежегішімен тежеліп, қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған және есіктері жабық күйде трассаның "СТАРТ" сызығына орнатылады.

3.3. Бастапқы қатысушы өз көлігінен 50 м қашықтықта орналасады. Оның жарысты бастау сигналы берілгенге дейін машинаға баруға құқығы жоқ. Жарысты бастау сигналы тек жеке беріледі. Жарысты бастау сигналы берілгеннен кейін қатысушы жүгірумен машинаға бағытталады және тас жол бойымен қозғалысты бастайды.

3.4. Фигуралар арасында және олардың ішінде "тоқта"сызығы аймағындағы аялдамалардан басқа автомобильдің кез келген маневр жасауына жол беріледі.

3.5. Қатысушы автомобиль жүргізушілерінде жалпы қабылданған барлық тәсілдерді пайдалануға құқылы.

3.6. Артқы жүріспен қозғалу кезінде автомобильдің есігін ашуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда аяқты автомобильдің етегіне қоюға тыйым салынады.

3.7. Алдыңғы жүріспен қозғалыс басталар алдында есік жабық болуы тиіс. Алдыңғы жүрісте есігі жабылмаған қозғалыс үшін қатысушы жарыстан шығарылады.

3.8. Әрбір қатысушы барлық жаттығуларды белгіленген ретпен орындауға міндетті.

3.9. Бірізділікті бұзған, кем дегенде бір жаттығуды орындаудан жалтарған, сондай-ақ жаттығуды қасақана орындамаған спортшы жарыстан шығады.

3.10. Жарыс барысында шектегіштерді қозғаған(шектегіштерге соқтыққан) кезде және жаттығуларды орындау тәртібінің басқа да бұзушылықтарына жол берген кезде қатысушыға айып шеңберінен айналып өту белгіленеді, одан өткеннен кейін ол осы жаттығуды орындауға екінші талпыныс жасайды.

3.11. Егер екінші әрекет те сәтсіз болса, жаттығу орындалмаған болып саналады және қатысушы айып шеңберін айналып өтпей келесі жаттығуларды орындауға көшеді.

3.12. Көліктің фигурадан тысқа толық шығуы әрекеттің соңы болып есептеледі, оны судьялар тиісті жалауларды көтеру арқылы тіркейді.

3.13. Екі жаттығуды орындамаған қатысушылар жарыстан шығады.

3.14. "Тоқтату" жаттығуында екінші әрекет берілмейді. Егер автомобиль "тоқта" сызығы аймағынан тыс жерде тоқтаса, жаттығу орындалмаған болып есептеледі және қатысушы жарыстан шығады.

3.15. Әлі жаттығу орындалмаған фигуралардың шектегіштеріне соқтыққан(тиген) кезде қатысушы айып шеңберін айналып өтеді.

3.16. Айыппұл шеңберінің шектегіштеріне соқтыққан(тиген) кезде қатысушы жарыстан шығады.

#### **4. Фигуралардың тізімі, олардың мөлшерін есептеу, жаттығулардың сипаттамасы.**

4.1. Автомобиль өлшемдерінің шартты белгілері:

Б-автомобиль базасы;

Д-автомобильдің габариттік ұзындығы;

Ш-автомобильдің габариттік ені;

Шш-автомобиль шинасының ені;

Рнг-автомобильдің ең шығыңқы нүктесі бойынша айналу сыртқы габариттік радиусы;

Рвг -автомобильдің ішкі габариттік жалпы айналу радиусы.

4.2. "Шеңбер" - кіру сыртқы шеңбердегі қақпа арқылы жүзеге асырылатын жүріс бөлігін құрайтын шектегіштермен белгіленген екі концентрлік шеңбер.

4.2.1. Қатысушы қақпадан шеңбердің жүріс бөлігіне кіріп, шеңберді толық айналып өтіп, автомобильді қақпаның сыртына шығаруы тиіс.

4.2.2. Фигураның өлшемдері:

а) сыртқы шеңбердің радиусы- $R_{но}=1,07 R_{нг}$ .

б) ішкі шеңбердің радиусы -  $R_{во}=R_{вг}-10$  см.

в) қақпаның ені -  $B=R_{нг}-R_{во}$ .

4.2.3. Орындалатын жаттығулар:

а) шеңбер бойымен алдыңғы жүріспен сағат тілімен жүру.

б) шеңбер бойымен алдыңғы жүріспен сағат тіліне қарсы қозғалыс.

в) шеңбер бойымен сағат тілімен артқа жүру.

г) шеңбер бойымен сағат тіліне қарсы артқа жүру.

4.3. "Кері бұрылудың шектеулі орны" - барлық жағынан шектегіштермен белгіленген, автомобильдің кіруі мен шығуы үшін бір жағынан қақпалары бар тіктөртбұрыш.

4.3.1. Қатысушы кез-келген маневрді қолдана отырып, қақпалар арқылы шектеулі жерге кіріп, онда шектеу тіректеріне тигізбестен кері бұрылып, автомобильдің детальдарының бірде-бір проекциясы фигураның периметрінен шықпайтындай етіп машинаны сол қақпалар арқылы сыртқа қайта шығаруы керек.

4.3.2. Фигураның өлшемдері:

а) Ұзындығы:  $Үй=3D$ .

б) ені:  $Шом=2D$ .

г) қақпаның ені:  $Шв=Ш+1,5$  м.

4.3.3. Орындалатын жаттығу:

а) автомобильді шектеулі жерде кері бұру.

4.4. "Еселенбеген Жыланша" - төрт жүріс жолды құрайтын тік сызық бойында орнатылған тіректер түріндегі бес шектегіш.

4.4.1. Қатысушы шектегіштерге соқтықпай оларды кезегімен толық жүріп өтіп, жүрістің соңында кері қайтып өтуі керек.

4.4.2. Фигураның өлшемдері:

- а) бірінші және екінші тіректер арасындағы қашықтық:  $D_{з1}=1,4Д$ .
- б) екінші және үшінші тіректер арасындағы қашықтық:  $D_{з2}=1,4Д+0,5м$ .
- в) үшінші және төртінші тіректер арасындағы қашықтық:  $D_{з3}=1,2Д$ .
- г) төртінші және бесінші тіректер арасындағы қашықтық:  $D_{з4}=1,2Д$ .

4.4.3. Орындалатын жаттығулар:

- а) жыланшаның алдыңғы жүріспен өтуі.
- б) жыланшаның артқы жүріспен өтуі.

4.5. "Сегіз" - бір сызыққа орнатылған тіректер түріндегі төрт шектегіш, олардың ортаңғы тіректері қақпаны құрайды. Қозғалыс бағытты ең шеткі шектегіштердің айналасында өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

4.5.1. Қақпа арқылы кіру және шығу - шектегіштер орнатылған сызыққа перпендикуляр. Шеңбер бойымен бастапқы қозғалыстың бағыты фигуралардың орналасуына байланысты.

4.5.2. Фигураның өлшемдері:

- а) "сегіздік" қақпасының ені:  $Ш_{вв}=Ш+1м$ .
- б) қақпа тірегі мен ең шеткі шектегіш арасындағы қашықтық:  $Д_{ов}=2Д$ .

4.5.3. Орындалатын жаттығу:

а) қақпа арқылы алдыңғы жүріспен кіру, шектегіштерді айналып өту және қақпа арқылы шығу.

4.6. "Ара" - арасындағы қашықтық 5 м болатын параллель орналасқан екі үлкен(габаритті) дәлізден тұрады. Үлкен(габаритті) дәліздер жолдың жүріс бөліктерінің ендері әртүрлі екі қатар шектегіштер орнату арқылы белгіленеді.

4.6.1. Қатысушы бірінші дәлізді артқы жүрісті пайдалана отырып өтуі тиіс, одан кейін - дәліздер арасындағы аймақты алдыңғы жүріспен өтуі тиіс және екінші дәлізді - артқы жүріспен жүріп өтуі тиіс.

4.6.2. Фигураның өлшемдері:

- а) дәліздің ұзындығы:  $Д_{к}=2Д$ .
- б) бірінші дәліздің ені:  $Ш_{к1}=Ш+1м$ .
- в) екінші дәліздің ені:  $Ш_{к2}=Ш+0,5 м$ .

4.6.3. Орындалатын жаттығу:

- а) алдыңғы және артқы жүріспен бағытын өзгерте отырып, габаритті дәліздердегі қозғалыс.

4.7. "Жолтабан" - автомобильдің бір жағының дөңгелектері үшін өтпе жолды құрайтын тақта (тұтас немесе ұзындығы мен ені бойынша құрама).

4.7.1. Қатысушы автомобильді тақтаның бойымен автомобильдің бір жағының алдыңғы және артқы дөңгелектері тақтадан шықпайтындай етіп жүргізуі керек.

4.7.2. Фигураның өлшемдері:

- а) жолтабан жолының ені:  $Ш_{к}=1,95 Шш. П$
- б) артқы дөңгелектері қосарланған кезде:  $Ш_{к}=2,95 Шш$ .
- в) тақтаның ұзындығы:  $Д_{к} = Д$ .

4.7.3. Орындалатын жаттығулар:

- а) жолтабанның сол жағымен алдыңғы жүріспен өтуі.
- б) жолтабанның оң жағымен алдыңғы жүріспен өтуі.
- в) жолтабанның сол жағымен кері жүріспен өтуі.

4.8. "Діңгектер"("Пеньки") - биіктігі автомобильдің ең кіші жол саңылауымен анықталатын, аралары Б қашықтықта орнатылған екі ағаш немесе пластмассалық цилиндр.

4.8.1. Қатысушы көлікті діңгектерге тигізбестен жүргізіп өтуі керек.

4.8.2. Орындалатын жаттығулар:

- а) діңгектер үстінен алдыңғы жүріспен өту.
- б) діңгектер үстінен алдыңғы жүріспен өту.

4.9. "Бокс" - үш жағынан шектегіштермен белгіленген, тар жағы ашық тіктөртбұрыш.

4.9.1. Қатысушы тар жағы арқылы автомобильді тоқтату сәтінде оның бірде-бір бөлігінің проекциясы фигураның периметрінен шықпайтындай етіп қою керек, содан кейін Автомобильді шектегіштерге тигізбестен шығару керек.

4.9.2. Фигураның өлшемдері:

а) бокстың тереңдігі: Гб=1,04 Д.

б) бокстың ені: Шб=1,24 Ш.

4.9.3. Орындалатын жаттығулар:

а) боксқа артқы жүріспен кіру.

б) боксқа алдыңғы жүріспен кіру.

4.10. "Тоқта" - қозғалыстың сынақ бағытына перпендикуляр болатын алаңның бетіне түсірілген ұзындығы 3 м және ені 15 см сызық.

4.10.1. "Тоқта" негізгі сызығының алдында және оның артында 1 м қашықтықта фигураның аймағын шектейтін екі сызық қолданылады.

4.10.2. Қатысушы бірінші сызықтан тоқтаусыз қозғала отырып, алдыңғы доңғалақтардың екеуі де "Тоқта" негізгі сызығымен байланыста болатындай автомобильді тоқтатуы тиіс. Бұл жағдайда секундомер автомобиль толық тоқтағаннан кейін өшіріледі.

4.10.3. Егер автомобильдің доңғалақтары тоқтау сәтінде "Тоқта" негізгі сызығының алдындағы аймақта болса, онда трассаның өтуіне жұмсалған уақытқа 5 с – айып-уақыты қосылады, егер автомобильдің дөңгелектері тоқтау сәтінде "Тоқта" негізгі сызығының артындағы аймақта болса, онда айып-уақыты екі еселенеді.

4.11. "Айып шеңбер" - бүйірінен тең бүйірлі үшбұрыш түрінде орналасқан 5 м үш тіреуіш.

4.11.1. Қатысушы айып шеңберін бірде-бір тіреуішке тигізбестен айналып өтуі керек. Қозғалыс сағат тілімен алдыңғы жүріспен жүзеге асырылады.

## **5. Трассаны өту тәртібі.**

5.1. Егер жарыстың ережесімен жаттығулардың саны мен атауы анықталмаса, онда жарыстар келесі тәртіппен өткізіледі:

- шеңбер бойынша алдыңғы жүріспен сағат тілімен қозғалыс;
- боксқа артқы жүріспен кіру;
- автомобильді шектеулі жерде кері бұру;
- жыланшаны алдыңғы жүріспен өту;
- жыланшаны артқы жүріспен өту;
- "сегіздік" өткелі;
- ("ара") габариттік дәліздерде ауыспалы бағыттарда алдыңғы және артқы жүріспен қозғалыс;
- алдыңғы жүріспен жолтабанның сол жағымен өту;
- алдыңғы жүріспен діңгектер үстінен өту;
- алдыңғы жүріспен қозғалыстан кейін алдыңғы доңғалақтармен тоқтау.

### **3 БӨЛІМ. ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУҒА ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ**

#### **17 тарау. ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛГЕН КРОСС**

##### **1. Бағдарламалардың түрлері.**

1.1. Әскерге шақыруға дейінгі жастағы азаматтар үшін:

1.1.1. Үлкен ұлдар (17 жас):

- жүгіру 3 км;
- пневматикалық винтовкадан 10 м ату;
- салмағы 450 г гранатаны 35 метрге лақтыру

1.1.2. Ұлдар (15-16 жас):

- жүгіру 1 км;
- пневматикалық винтовкадан 10 м ату;
- салмағы 350 г гранатаны 35 метрге лақтыру

##### **2. Жарысқа қатысушылар.**

2.1. Әскерге шақыру жасына дейінгі азаматтар жас топтарында жарысады: үлкен ұлдар (17 жас), ұлдар (15-16 жас).

##### **3. Жарыстарды өткізу шарттары**

3.1. Әскерилендірілген кросс бойынша жарыстар кез келген жерде өткізіледі.

3.2. Әскерге шақырылуға дейінгі жастағы әрбір азамат әскерге шақырылуға дейінгі жастағы азаматтарға арналған киім және противогаз киіп жаттығуларды орындайды.

3.3. Әскерге шақырылуға дейінгі жастағы азаматтарға арналған киім түрі: бейсболка, жеңі ұзын күртеше (футболка), тобыққа дейін созылатын спорттық шалбар (бриджи), шыбықсыз спорттық аяқ киім және противогаз.

3.4. Оларды тікелей мақсаты бойынша пайдалануға кедергі келтіретін кез келген қосымша бекітпелер мен жабдыққа (соның ішінде қосымша белдіктер мен тиісті формада көзделмеген басқа құрылғылар) тыйым салынады.

3.5. Трассаны жабдықтау, ресімдеу, өлшеу және белгілеу "1000 м нысандағы жүгіру, 3000 м нысандағы жүгіру" спорттық пәндерімен бірдей.

3.6. Ату және лақтыру орындарының саны қатысушылардың санына байланысты анықталады.

3.7. Старт пен мәре бір жерде жабдықталған, ал бұрылыс 1 км жүгіргенде 500 м, 3 км жүгіргенде 1500 м қашықтықта болады.

##### **4. Старт.**



4.1. Старт кезінде әскери қызметшілер арнайы киімде, қаруы «Белбеу» қалпында болуы керек. Старт пен мәреде әскери қызметшілердің қарулары сақтандырғышта болуы керек.

